Осылайша, рөлдік ойындағы баарлық іс-әрекет тілдік практикаға бөлінген, сонымен қатар сөйлеуші ғана емес, сондай-ақ тыңдаушы да барынша белсенді, өйткені ол әріптестің репликасын түсіне білуі және есте сақтауы, оны жағдайлармен сәйкестендіруі, репликаға дұрыс жауап бере білуі керек. Рөлдік ойындар танымдық қызығушылықтың қалыптасуына оң әсер етеді, шетел тілін саналы меңгеруге ықпал етеді. Олар дербестік, бастамашылық, ұжымшылдық сезімін тәрбиелеу сияқты қасиеттерді дамытуға жәрдемдеседі. Білім алушылар белсенді, ынталы жұмыс істейді, бір-біріне көмектеседі, өз жолдастарын мұқият тыңдайды; оқытушы тек қана оқу қызметін басқарады. Рөлдік ойын сөйлеу қызметін ынталандырады, өйткені білім алушылар ойларын жеткізу, сұрау, анықтау, дәлелдеу қажеттілігі өзекті болған жағдайда көрсетіледі.

### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі:***

- 1 Арутюнов Ю.С., Ухин Ю.Ю. Игровая деятельность в учебном процессе. – М., 2013.
- 2 Шмакова С.А. Игра учащихся – феномен культуры. – М., 1996.-240 б.
- 3 Суворова Н. Интерактивное обучение: новые подходы. – М., 2005.-167 б.
4. Ливингстоун К. –« Ролевая игра в обучении иностранным языкам.» -М: Высшая школа, 1988.-53 б.
5. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е., Методика обучения иностранным языкам в средней школе,-М: Просвещение, 1991.-287 б.

**МРНТИ 14.35.09.**

*Хасанова С.А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистр преподаватель*

*<sup>1</sup>Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби*

## **АСПЕКТЫ СОДЕРЖАНИЯ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ.**

### **Аннотация**

В данной статье рассматривается социокультурный аспект содержания иноязычного образования. Одна из целей преподавания иностранных языков (ИЯ) в настоящее время – обеспечение межкультурного общения и взаимопонимания между партнерами. Именно поэтому социокультурная направленность, которая помогает учащимся включиться в диалог культур, является одним из важнейших приоритетов современного обучения.

**Ключевые слова:** содержание иноязычного образования, иноязычная культура социокультурный аспект содержания иноязычного образования.

*С.А. Хасанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Магистр оқытушы*

*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

## ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ: ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТ.

### Түйіндеме

Мақалада шет тілдік білім берудің аспектілерінің сипаттамасы қарастырылады. Әсіресе, әлеуметтік-мәдени аспектісі және оның маңызы. "Нені үйрету" сұрағы қоғамда әрқашан талқыланады, өйткені қоғамға қабілетті, білікті мамандар керек. Сондықтан да әлеуметтік-мәдени аспектісі адамдардың бүкіл өміріне әсер етеді.

**Кілт сөздер:** шет тілдік білім беру, шет тілдік білім берудің мазмұны, шет тілдік мәдениеті, әлеуметтік-мәдени аспектісі.

*Khassanova S.A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>MA teacher*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University*

## ASPECTS OF THE CONTENT OF FOREIGN LANGUAGE EDUCATION: SOCIO-CULTURAL ASPECT

### Abstract

This article deals with the problem of the describing aspects the content of foreign language education. In particular, we want to consider the socio-cultural aspect of the content of foreign language education. The question of what to teach will stand as long as the society will need qualified people. This is due to the fact that the content of foreign language education encompasses all kinds of experience (innate, lifetime, social), due to the assimilation of which a person is able to participate in the life of modern society.

**Key words:** foreign language education, the content of foreign language education, foreign language culture, socio-cultural aspect.

Процесс иноязычного образования, являющийся одним из видов образования, фактически включает в себя четыре аспекта:

- 1) **познание**, которое нацелено на овладение **культуроведческим** содержанием иноязычной культуры (сюда относится не только культура страны, собственно факты культуры, но и язык как часть культуры);
- 2) **развитие**, которое нацелено на овладение **психологическим** содержанием иноязычной культуры (способности, психические функции и т. д.);
- 3) **воспитание**, которое нацелено на овладение **педагогическим** содержанием иноязычной культуры (нравственный, моральный, этический аспекты);
- 4) **учение**, которое нацелено на овладение **социальным** содержанием иноязычной культуры, социальным в том смысле, что речевые умения усваиваются как средства общения в социуме, в обществе. Любой учащийся должен знать и уметь реализовывать те функции, которыми наделено каждое из речевых умений и общение в целом. Если и можно говорить о практическом предназначении иностранного языка, то не только в смысле осознания указанных функций и овладения ими, но и в смысле осознания практического результата, который сказывается на овладении речевыми умениями в

зависимости от уровня овладения культуроведческим, психологическим и педагогическим аспектами содержания иноязычной культуры в **процессе** овладения этими аспектами, а не после. [1,с.38].

В особенности мы хотим рассмотреть социокультурный аспект содержания иноязычного образования. В социокультурном аспекте рассматриваются:

- особенности национального достояния: искусство, культурные ценности;
- особенности социокоммуникации, национально-культурные нормы социокультурного поведения и владение ими, знание речевого этикета и ритуала общения;
- особенности национального характера народа.

Отсутствие навыков социокультурной компетенции значительно затрудняет коммуникацию. Главная причина непонимания при межкультурном общении является различие национальных сознаний коммуникантов, а не различие языков.

### **Социокультурный аспект и содержание обучения .**

Проблема содержания в методике обучения ИЯ продолжает оставаться одной из самых актуальных. Под содержанием обучения понимается все то, “чему следует учить учащихся”. Содержание обучения зависит от социального заказа, который заставляет усилить коммуникативную сторону, что отражается в “трансформации целей: обучение иноязычной речи, обучение иноязычной речевой деятельности, обучение общению”. Все они в комплексе взаимосвязаны, взаимозависимы и проявляются в виде обучающего, развивающего и воспитательного результата. [2,с.42]

Элементами, составляющими содержание “иноязычной культуры” считают следующие:

- совокупность знаний об изучаемом языке, о функциях ИЯ в обществе, о способах овладения языком, о влиянии процесса обучения на личность учащихся;
- учебные и речевые навыки
- умение осуществлять речевые функции, необходимые для удовлетворения своих потребностей и потребностей общества;
- опыт эмоционального отношения к процессу овладения иноязычной культурой – мотивация;
- связь социокультурного аспекта при изучении иностранного языка и мотивации учащихся.

Управление мотивацией при изучении ИЯ является одной из центральных проблем методики обучения в школе. Положительная установка на изучение ИЯ способствует улучшению результатов обучения речевой деятельности.

Ведущим видом речевой деятельности является устная речь; изучение ИЯ приобретает выраженный страноведческий характер. Это придает заданиям и упражнениям “вполне коммуникативно-мотивационный характер”. [4,с.144]

Согласованность же содержания обучения и способов его подачи с реальными возможностями и интересами школьников способствует формированию положительной мотивации. Это позволяет удачно сочетать элементы страноведения с языковыми явлениями, которые выступают не только как средство коммуникации, но и как способ ознакомления обучаемых с новой для них действительностью.

Такой подход к обучению ИЯ в школе обеспечивает эффективное, решение практических, общеобразовательных, развивающих и воспитательных задач, содержит огромные возможности для вызова и поддержания мотивации учения.

При этом основной задачей является “изучение языковых единиц, наиболее ярко отражающих особенности культуры народа” – носителя языка и среды его существования.

Так как практика преподавания ИЯ показывает, что учащиеся с одинаковым интересом относятся к истории, культуре, искусству, нравам, обычаям и т.д., именно выход на уровень возможного расширения страноведческого материала может позволить

логично и эффективно решить задачи по усилению социокультурной ориентации иноязычного образования в целом, модернизации лексической базы и усилению мотивационного аспекта обучения ИЯ. [6,с. 22].

### **Использование социокультурных знаний при изучении ИЯ.**

Социокультурный аспект оказывает огромное положительное влияние на повышение мотивации и улучшение качества знаний, приобретаемых в процессе обучения. Данный аспект способствует обогащению предметно-содержательного плана речи, вносит значительный вклад в воспитание, образование и развитие личности средствами ИЯ, способствует более осознанному усвоению ИЯ как средства межкультурного общения [3,с.17].

Основной целью обучения ИЯ является развитие личности обучающегося в неразрывной связи с преподаванием культуры страны изучаемого языка, способствуя желанию “участвовать в межкультурной коммуникации и самостоятельно совершенствоваться в овладеваемой деятельности”. По мнению Верещагина “выясняя соотношение личности и культуры, невозможно понять генезис, становления личности в отрыве от культуры социальной общности (малой социальной группы и в конечном итоге нации). Желание понять внутренний мир русского или немца, англичанина или француза, следует изучить русскую или соответственно немецкую, английскую или французскую культуру”.

Таким образом, мы хотим отметить, что использование социокультурных знаний при изучении ИЯ помогает учащимся лучше понять особенности культуры народа – носителя языка и сферы его существования.

### **Использованная литература:**

- 1.Пассов Е.И. Программа-концепция коммуникативного иноязычного образования. М.:Просвещение,2000.-с.38
- 2.Бим И.Л., Афанасьева О.В., Радченко О.А. К проблеме оценивания современного учебника иностранного языка. ИЯШ № 6.1996.-стр 42
- 3.Зимняя И.А. Лингвопсихология речевой деятельности. Москва-Воронеж. 2001.-стр 17
- 4.Соловова Е.Н. Методика обучения иностранному языку. Продвинутый курс. – М.: Астрель.2009.-с.144
- 5.Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре // ИЯШ. – 1997. – №5-с.123-124
- 6.Абрамова В.В. Социокультурный аспект содержания иноязычного образования/ М.:ACADEMA.2003.-с.63-65

**МРНТИ: 14.35.09**

*Кажиева А.Т.<sup>1</sup> Куцегалинова А.К.<sup>2</sup>*

*<sup>12</sup>КазНПУ им.Абая,*

*<sup>1</sup>Магистрант 2 курса специальности 6М011900- Иностранный язык:  
два иностранных языка*

*<sup>2</sup> к.ф.н., старший преподаватель*

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ CLIL-ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ЧТЕНИЮ**

### **Аннотация**

Данная научная статья рассматривает основные цели и задачи технологий CLIL, технологий используемые в предметно-языковом интегрированном обучении, а так же, использование его при обучении чтению на иностранном языке. CLIL – описание методов обучения предмета через иностранный язык. В данной статье мы затронем теоретические основы обучения чтению на ИЯ.

**Ключевые слова:** Языковое интегрированное обучение, образование, содержание образования, трёхязычное образование, обучение чтению на ИЯ, CLIL.

*Кажиева А.Т.<sup>1</sup> Куцегалинова А.К.<sup>2</sup>*

*<sup>12</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ,*

*<sup>1</sup>6M011900- Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2 курс магистранты*

*<sup>2</sup> к.ғ.д., аға оқытушы*

## **ШЕТ ТІЛІНДЕ ОҚЫТУҒА CLIL - ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

### **Түйіндеме**

Берілген ғылыми мақалада CLIL технологиясының негізгі мақсаты мен міндеті, тіл мен пәнді кіріктіріп оқытуда қолданылатын технологиялар және оқылымды үйретудегі қолданысы қарастырылған. Талқылаудың нақты тақырыбы - CLIL – технологиясының оқылымды үйретудегі қолданысын. Осы мақалада біз оның шет тілінде оқудың теориялық негіздерін қарастырамыз.

**Тірек сөздер:** Тілді кіріктіріп оқыту, білім беру, оқытудың мазмұны, үштілдік білім беру, оқылымды үйрету, CLIL.

*Kazhiyeva A.T.<sup>1</sup> Kushegalinova A.K.<sup>2</sup>*

*<sup>12</sup>Abay KazNPU,*

*<sup>1</sup>Master Degree 2 course of speciality 6M011900- Foreign language: two foreign languages*

*<sup>2</sup> Candidate of Philology, Senior Lecturer*

## **USING CLIL - TECHNOLOGY FOR TEACHING READING IN A FOREIGN LANGUAGE**

### **Abstract**

The article deals with the the main goals and objectives of CLIL technologies, technologies used in content language integrated learning, as well as four types of language activities. The specific subject of discussion - CLIL technology in teaching reading - description of methods of teaching reading through a foreign language. In this article, we will discuss the theoretical foundations of reading.

**Keywords:** language integrated learning, education, content of education, trilingual



education, CLIL.

**Кіріспе.** CLIL технологиясы – пән мазмұны мен тілді бірлесе оқыту технологиясы. «CLIL» терминінің қолданыста жүргеніне айтарлықтай уақыт болмағанымен (1994 жылы), ол жаңа құбылыс болып табылмайды. Адам баласы көп тілді қоғамда өмір сүріп келеді. Көп тілді меңгеру қоғамда өмір сүру құралы болып табылады. «CLIL» терминін 1994 жылы ғылыми айналысқа Дэвид Марш оқыту жағдайларын белгілеу үшін пәндер немесе жеке бөлімдері «қосымша» тілде жүргізілуі үшін енгізген болатын. Мұндай оқытудың мақсаты бір уақытта оқытылатын пән мен тілді оқыту болып табылады, яғни мұнда тіл оқу объектісі ретінде емес, басқа пәндерді білу құралы ретінде қарастырылады. CLIL әдісі тілге бағытталмаған пәндердер мен осы пәнді оқытудағы тілдің даму шеберлігіне бағытталған. CLIL әдісі оқушылардың мәдени біліктілігін, тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді, ал бұл қазіргі қоғамда жұмыс берушілердің ең қажет ететін дағыларының бірі болып табылады. CLIL әдісін еліміздің көптеген білім ордалары оқыту үрдісінде қолданып жатыр. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде де бұл әдісті кеңінен қолданылуда. Өйткені, кейбір пәндер оқушылардың ана тілінде жүргізілмейді. Сондықтан пәнді оқытудағы тіл – екінші тіл болып табылады. Оқушы осы тілде пәнді түсіне отырып, өз ойын екінші тілде жеткізе білуі қажет. Жалпы CLIL әдісінің негізгі принциптерін анықтауда бес аспект белгіленді. Оның әрқайсысы оқушының жас ерекшелігіне, әлеуметтік-тілдік ортасына және CLIL әдісіне тереңдеу деңгейіне байланысты жүзеге асады:

- мәдени аспект;
- әлеуметтік аспект;
- тілдік аспект;
- пәндік аспект;
- оқыту аспектісі

Осы әдісті тәжірибеде қолдану оның оң тұстарын айқындауға мүмкіндік берді. CLIL әдісінің ең негізгі оң тұстарының бірі екінші тілді меңгеруге оқушының талпынысы болып табылады. Бұдан басқа оқушы екінші тілде оқи отырып, оның мәдениетін тереңірек білуіне мүмкіндік алады. Пәнді оқи отырып, оқылып жатқан тақырыптарға сай терминдерді қайталау барысында, оларды өз ой пайымдауларында қолдана отырып, оқушының белгілі пән бойынша сөздік қорының молаятындығына көзім жетті. Тілдік дағдыны қалыптастырумен қатар CLIL әдісі мұғалімнен сабақтың өтілуіне байланысты жаңа тәсілді талап етеді. Мұғалім оқу материалын берерде, жұмысты ұйымдастырғанда түрлі формаларды қолдануы, оқушының шығармашылық және жеке іс-әрекетіне назар аударуы қажет. Бұл оқушының пәнді оқуына деген қызығушылығы мен ынтасын оятары сөзсіз. Мұғалім кәсіби даму мақсатын оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру негізінде ала отырып, топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру барысында әртүрлі формадағы тапсырмаларды дайындауды дағдыға айналдырады. Әсіресе, карточкаға жазылған түрлі терминдерді сипаттау арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуы байқалады. Қандай да болмасын оқылып жатқан тақырыпқа байланысты тапсырма құрастыру кезінде әрдайым көмекші терминдер үлестіріліп немесе

мұғалім қадағалап айтып отырса, оқушы жадында терминдердің жатталуы сөзсіз, әрі оқушы осы пән бойынша өз ойын академиялық тілмен жеткізетін болады.

**Әдістері.** Назарбаев Зияткерлік мектептерінде информатика пәні қазақ сыныптарында орыс тілінде жүретіндіктен, CLIL әдісін қолдану үшін кәсіби мақсатыма жетудегі бірден бір жол болып табылады. Жаңа материалды игеру барысында да оқушыларға түрлі организаторларды көрсетіп, оларды сипаттау арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тиімді әдістің бірі. Үштілділікті енгізе отырып, оқушыларға организаторларды сипаттау арқылы орыс және ағылшын тілдерін жетілдіруге қолдау жасап отырамын. Мұндай жұмыстарды орындау оқушылардың қызығушылығын тудырады. Сонымен қатар сөйлеу дағдысын жетілдіре отырып оқушы тіл мен пәнді түсіну үшін ойлау қабілетін де жетілдіргені дұрыс. Осы орайда бейне материал көрсетіп, кейін тоқтатып, әр оқушыға бос орындары көрсетілген бейне материалға сәйкес мәтін беріледі. Мұндай жұмыс оқушының есте сақтау дағдысын, пән бойынша ақпарат алуымен қатар сол тілді меңгеруге мүмкіндік береді. Бейне материал көрсету арқылы мәтінді толықтыру жұмысын «Глобальная сеть Интернет» тақырыбын меңгеру барысында сабақ жоспарына енгізген болатынымын. Оқушыларға бұл әдіс түрі ұнады. Одан кейінгі қайталауға бағытталған сабағымды жоспарлаған кезде дайын диаграмма арқылы оқушыларды сөйлетуге тырыстым. Алдымен оқушылар диаграммамен 1 минуттай танысып алып, кейін орыс және ағылшын тілдерінде сипаттап берді. Тапсырманы орындауға тілек білдірген оқушылар саны көп болды. CLIL әдісінің негізгі мақсаты – мұғалімнің сөйлеуін азайтып, керісінше оқушылардың бір бірімен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Әр сабақтың басында немесе соңында «миға шабуыл» әдісін ұйымдастырып тұрған тиімді. Берілген ұғымға байланысты оқушылар өз ойларын, идеялары мен сабақ тақырыбының сан алуан аспектілерін қозғайтын болады. Осылайша олардың сөйлеу-ойлау дағдылары қалыптасып, сөйлеу тәжірибесі артатынына көз жеткіздім. Талқылауға қатысу оқушылардың қызығушылығын тудыруына, әртүрлі проблемаларды талқылауда сөйлеу дағдысы мен ойлау дағдысын қалыптастыруына әсер етеді. Дайындалатын тапсырмалар түрі пән мазмұнына бағытталған, оқушы түсінетіндей күрделілік деңгейі бойынша құрастырылуы тиіс. Әр тапсырма оқушының өздік жұмысына бағытталуы қажет. Жалпы сабақтарымды ұйымдастыра отырып, тақырыпқа байланысты келесідей тапсырмалар құрастыруды негізге алып жүрмін: диаграмманы құрастыру немесе толықтыру, командалардың орналасу тәртібін дұрыс анықтау, бос орындарды толықтыру, нақты ақпаратты іздеу, термин-анықтама, сөздерді табуға бағытталған ойындар. Тағы бір сабақтарымда жақсы көрініс тауып жүрген әдістің бірі оқушыларға қолдарына тақырыпқа байланысты сөздерді таратып, оның түсіндірмесін әрқайсысы қозғалыста жүріп отырып, бір біріне түсіндіру. Бұл тапсырманың мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыра отырып, оқушының белгілі тақырып бойынша қаншалықты дайын екендігін анықтау. Бұл әдісімі өзім меңгере отырып, оқушыларға да мұғалімге де тигізер пайдасының мол екендігіне көз жеткіздім. CLIL әдісінің негізі тілді білу пән мазмұнын оқу құралы болып табылатындығында. CLIL әдісін қолдану оқушыға сабақ барысында тілдік дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік берсе, мұғалімге оқушыларды үштілділік бойынша қолдауға мүмкіндік береді. CLIL әдісін қолдану барысында: әр сабақтың пәндік және тілдік мақсаттары болуы керек, мұғалім оқушылардың сол мақсаттарға жетуін қадағалауы қажет, сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалуы қажет,

айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылуы қажет, белсенді оқу әдістерін қолдану қажет. CLIL әдісін қолдану барысында тапсырмалар: мақсатқа бағытталған, оқушылардың тіл деңгейлеріне сай, орындауға қызықты, ынталандыратын, бір-бірімен логикалық түрде байланысқан болуы қажет.

**Нәтижелер.** Үш тілді бірдей меңгеру әрбір қазақстандық жастың міндеті. Қазіргі білім беру саласында да үштілділікті енгізу жаппай қолға алынуда. Біздің мақсатымыз - жан жақты, бәсекеге қабілетті, көптілді білетін, қазіргі заманға сай маманды даярлау. Осы мақсатта мен де, болашақ іс жүргізуші мамандардың үш тілді қатар меңгеруі бастамасын жүзеге асыруды мақсат еттім. Өз сабақтарымды CLIL технологиясын басшылыққа ала отырып өткіземін. Мысалы, 0510000 «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану» мамандығының 3курс студенттеріне мұрағаттану пәнінен CLIL технологиясы арқылы өткізілген сабақта оқушылардың ағылшын тілінде оқу, сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін үй тапсырмасы үш тілде **компьютерленген тест тапсырмасы** арқылы тексерілді. Лайықты деңгей тапсырмасында сабақта кездесетін жаңа сөздермен танысып, терминдер бойынша **сәйкестендіру тест** тапсырмалары орындалды. Жоғары деңгейде тапсырма ретінде мәтінмен жұмыс жасалып, «**Сен-маған, мен-саған**» ойыны арқылы бір-біріне ағылшын тілінде сұрақтар қойылды. Кейін Ұлттық мұрағатта түсірілген бейнефильм көрсетіліп, сол бойынша берілген сөйлемдерден шын мен жалған ақпаратты табу көзделді. Сабақ үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұрақтар қойылатын «**Ғажайып үштік**» және «**Полиглот**» ойындарымен бекітілді. Елбасымыз Н.Назарбаев «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» – деп атап көрсетті. Дамыған мемлекеттердің қатарынан көрінуіміз үшін біз сауаттылығы жоғары кәсіби мамандар дайындауымыз керектігін айтты. Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс. Елімізде білім беру мазмұны жаңарып, «Пәндік-тілдік кіріктіру технологиясы (CLIL): қадамнан қадамға» әдістемелік нұсқаулық оқытудың жаңашыл көзқарас пайда болуын қалыптастырады. Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек» деген тұжырымында «Шығармашыл ұстаз шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой айқын аңғарылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама басымдылықтарының бірі – білім жүйесіндегі алдыңғы қатардағы Сингапур, Финляндия, Ұлыбритания сынды мемлекеттердің озық моделіне сүйене отырып, білім жүйесін реформалау болып табылады. Мемлекеттік бағдарлама бағыттарының бірі – педагог мамандардың мәртебесін көтеру, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, теориялық білімін өмірде қолдана алатын, түйінді мәселелерді шеше алатын, сыни ойлайтын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Орта білім саласындағы өзгерістер ең

алдымен, мұғалімдер қауымын қамтиды. Атап айтсақ, педагог кадрлардың құзыреттілігін арттыру мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық шеберлік орталығы», «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ құрылған. Жаңа өзгерістерді қабылдауға, бағыт-бағдар берудегі үлкен септігін тигізген мұғалімдердің біліктілігін арттыратын базалық деңгей курстары еді. Деңгейлік курстардың басты мақсаты -XXI ғасырдағы білім беру талабы –өз бетімен жұмыс істей алатын, жан-жақты ізденіп, ұлттық құндылықтарды ұстанатын, алған білімін өмірде қолдана алатын құзыретті оқушы тәрбиелеу. Егер күні бүгінге дейін оқу үдерісінде мұғалімнің рөлі мен орны бастапқы болса, яғни мұғалім білім беруші рөлін атқарып келсе, енді мұғалімдер тек бағыттаушы, бақылаушы, реттеуші функцияларын алып, оқушы білімді өз бетінше игереді, сыни тұрғыдан ойланып, кез келген мәселелік сұрақтарға жауап іздеп, мақсатына жетеді. Дәстүрлі білім жүйесі нақты теориялық білімге, есте сақтау, репродуктивті білімге негізделген. Бұл үдеріс жаһандық заманның сын-тегеуріндеріне жауап бере алмайды. Осы мақсатта кіріктірілген оқу бағдарламасы құрастырылған болатын. Кіріктірілген оқу бағдарламасы спиральдік қағида негізінде құрастырылды [1]. Оқушыларда білім мен түсінік қалыптастырып, тарихи концептілерді негізге ала отырып, дағдыларды, тарихи ой-сананы дамытуға бағытталған. Мысалы, оқушыларда мәдениет туралы базалық білімдері бар, атап айтсақ, бірінші тоқсанда оқушылар Қазақстан аумағында ерте ортағасырлық мемлекеттердің пайда болуы мен ыдырау себептерімен, олардың рухани және материалдық мәдениетімен танысып, екінші тоқсан тақырыбында оқушылар дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттердің рухани және материалдық мәдениетімен танысып, ерекшеліктерін анықтады. Яғни бағдарламада қарастырылғандай, тақырыптар арасында бірізділік пен сабақтастық байқалады. Оқушыларда мәдениет тақырыбы бойынша білімдері мен дағдылары тоқсан сайын, жыл сайын толықтырылып отырады.

**Талқылау.** Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үштілдік саясаты жүзеге асырылып келеді. Оқу бағдарламасы оқушылардың өзге ұлт өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту және халықаралық деңгейдегі жоғарғы оқу орындарына түсуге қолдау көрсету мақсатында тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. Зияткерлік мектептер қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйретеді және осы үш тілді басқа пәндерді оқыту үшін қолданады. Мысалы, Қазақстан тарихы, география қазақ тілінде, дүние жүзі тарихы, информатика пәндері орыс тілінде оқытылады. Кіріктірілген оқу бағдарламасының бір ерекшелігі пән мен тілді кіріктіріп оқыту. Ол дегеніміз Қазақстан тарихы, география пәндерін екінші тілде орыс сыныптарында қазақ тілінде өткізу. Басты мақсаты пән арқылы тілдік құзыреттілікті дамыту болып табылады. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту CLIL әдістері арқылы жүзеге асырылады. Сабақты құру барысында міндетті түрде CLIL-дің бірқатар әдістерін қолданамын. Мысалы, диктоглосс, терминологиялық диктант, сөйлейтін карта, ақпараттық кеш, мәтінмен жұмыста әр азат жолға тақырып беру, ол оқушының мәтінді ықшамдап, терең түсінуіне ықпал етсе, мұғалімге шәкірттің қаншалықты мағынаны түсінгендігін байқауға көмек береді [2]. Аймақ ерекшелігіне байланысты тілді меңгерту қиынға түсті. Алайда, уақыт өте келе, оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамытып, академиялық тілде сөйлеулеріне мүмкіндік туындады. Бұл жұмыс мұғалім мен оқушы тарапынан үлкен еңбекті қажет етті. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту мұғалімдері кей кезде оқушыларының ауызекі тілде (қазақ/орыс/ағылшын тілінде) еркін сөйлескенімен, академиялық тілді қиын

түсінетіндігіне таңдануы мүмкін. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту контекстінде оқушылар түрлі жаңа мәлімет (input) алады. Камминс мұндай жаңа мәліметті екі түрге бөледі және екі түрлі тіл аспектілерін анықтайды: ауызекі және академиялық. Бұл аспектілерді баяндау үшін ол BICS (Basic interpersonal communicative skills) Базалық тұлғааралық коммуникативтік дағдылар, CALP (Cognitive academic language proficiency) Тілді меңгерудің танымдық академиялық дағдылары терминдерін қолданады [3]. Осы орайда үш тұғырлы тіл саясатын орта білім жүйесінде жүзеге асыруда CLIL (Content and language integrated learning) әдісінің тиімділігі зор. Бұл әдіс екі жақты мақсатты көздейді. Біріншісі – оқу пәнін жетік білу болса, екіншісі-(шетел) тілін меңгеру. Сонымен қатар, пән мен тілді кіріктіріп оқыту бағдарламасының қазіргі заманда көпмәдениетті тұлға қалыптастыруда орны ерекше. Ең бастысы, аталмыш әдіс тәлімгерлердің тілдік құзыреттілігін арттырып, өз елінің мәдениетін бағалап, басқа мәдениетті құрметтеуге үйретеді. Әлемдегі дамыған елдердің білім саласында осы әдіс тиімді қолданылуда. Біртіндеп біздің елімізде де осы әдісті білім саласында енгізуде. Тамыз конференциясында Білім және ғылым министрі Е. Сағадиев түйінді сөзінде бірнеше пәндер екінші тілде оқытылу керектігі жайлы атап өтті. Яғни, еліміздің бірқатар мектептерінде Қазақстан тарихы, география, дүниежүзі тарихы, информатика пәндері екінші тілде оқытылатын болады. Дегенмен республикамыздың біршама мектептері осы әдісті бірнеше жыл қатарынан қолданып келеді. Осы мектептердің алдыңғы қатарында Назарбаев Зияткерлік мектептерін айтуға болады. Дегенмен кіріктірілген бағдарламаның жемісін бірден көре алмаймыз, себебі бұл бірнеше жылдың жемісі. Сонымен қатар, оқу үдерісінде пән мен тіл мұғалімінің бірлескен жұмысы оқушыларға үлкен әсерін тигізеді. Өз тәжірибемде мен 8-сынып оқушыларын таңдап алдым. Қазіргі уақытта олар 10-сыныпта оқып жүр. Орыс сыныптарында Қазақстан тарихы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сондықтан тарих пәні мұғалімі алдында екі мақсат тұрды. Ол пән бойынша білім беру және мемлекеттік тілде еркін сөйлету. Үш жыл аралығында оқушыларымның жетістіктерін көріп отырмын. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, дәлелдемелер келтіруге, талдау жасауға дағдыланды. Екінші тілде күнделікті сөйлеу үлкен тәжірибе береді. Сабақта мұғалім оқушыларға ойлану үшін көп уақыт бергені жөн. Сонда ғана жетістікке жетеді. Өзімнің тәжірибемді ұсынғым келіп отыр. Пән мен тілді кіріктіріп оқытуда тиімді әдіс-тәсілдермен бөліскім келіп отыр. Пән мен тілді кіріктіріп оқытудың өзара тығыз байланысты 4 негізгі қағидаты бар. Олар мазмұн (content), яғни, CLIL әдісі бойынша тіл тілді үйрену үшін ғана емес, мазмұн арқылы пәндік білімдерді дамыту болып табылады [4]. Оны келесі тапсырма арқылы байқауға болады. Тыңдалған бейнематериалға сай келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс. Білім жүйесіндегі тағы бір елеулі өзгерістердің бірі – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалайтын критериалдық бағалау жүйесі. Көп жағдайда дәстүрлі білім жүйесінде мұғалімдер өз тәжірибелерінде 5- балдық жүйені қолданып келеді. Оқушылардың іс-әрекеті мен білімін тексеретін бұл әдіс объективті түрде оқушының дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда жаңаша әдісті қолдану талпынысы жасалып жатыр. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалау жүйесінің орны ерекше. Критериалды бағалау жүйесі оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты орнатып, оқу үдерісі барысында оқушыларға қателіктерді түзетуге мүмкіндік береді, оқушының оқуға деген ішкі уәжін оятып,

дамытатын құрал болып табылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылар, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

**Қорытынды.** CLIL әдісін қолданатын мұғалім тек пән мұғалімі немесе тек тіл мұғалімі болмауы тиіс, керісінше, пән мен тілді қатар оқытуы керек. Бұл әдіспен оқытудың ерекшелігі, мұнда түрлі оқыту жағдайларда сабақ және оқу мақсаттарының берілген кезеңіне тиісті тілді пайдаланып, сабақты өткізу екі тілде жүзеге асырылады. CLIL әдісін қолдану мұғалімнен: пәндік білімін жетілдіруді, ресурстарды кеңінен қолдануды, сабағын тиянақты жоспарлауды, кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруды талап етеді. Педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мұғалімдер үшін маңызды мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тірегі етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр оқу орнының жауапкершілікпен атқаратын міндетінде.

#### ***Список использованной литературы:***

1. «Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл», ф.ғ.к. М.Салқынбаев, Ақиқат. №1 2013 жыл.
2. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл.
3. Б.А.Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2015
4. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
5. Қазақстан Республикасында 2015-2020 жж. Білім беруді реформалаудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру. Диагностикалық есеп. <http://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/336>
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2018 жылғы 10 қаңтар.
8. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау. Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар. Астана. 2015-2016 оқулық.
9. Усманова З. Ф., Заяц Т. В., Мукажанова Г. Ж. Реализация технологии CLIL в условиях полилингвального обучения // Филология и лингвистика в современном мире: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2017 г.). — М.: Буки-Веди, 2017. — С. 94-97
10. Ларичев О.И. Теория и методы принятия решений. М., "Логос", 2000 г

МРНТИ: 14.35.09

С.Н. Сулейменова<sup>1</sup> С.М. Әбдіғұлова<sup>2</sup>

<sup>1 2</sup> Абай атындағы ҚазҰПУ

<sup>1 2</sup> оқытушылар, педагогика ғылымдарының магистрлері

Алматы қ., Қазақстан

## ШЕТ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

### Түйіндеме

Бұл мақалада білім берудегі жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытуда қолданылатын интерактивті технологиялардың ерекшеліктері, қолданылу маңыздылығы және рөлі қарастырылады. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, “жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. Сол себепті мақаланың мақсаты – мұғалімдердің шет тілдік білім берудегі жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытуда қолданылатын интерактивті технологияларды ұтымды қолдана білуіне негізделеді.

**Кілт сөздер:** жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту, интерактивті технология, кейс стади, миға шабуы, джигсо оқыту әдісі, рөлдік ойындар

Сулейменова С.Н. <sup>1</sup> Абдигұлова С.М. <sup>2</sup>

<sup>1 2</sup> ҚазНПУ им. Абая

<sup>1 2</sup> преподаватели, магистры педагогических наук.

Алматы, Казахстан

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОМ ПОДХОДЕ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

### Аннотация

Данная статья рассматривает особенности, важность и роль употребления лично-ориентированного подхода в образовании. Содержание образования меняется со старого к новому. Интерактивные методы обучения основаны на межличностном общении и соответствуют современной образовательной парадигме, «ориентированной на развитие учащегося как личность». В то же время познавательная деятельность, которая является предпосылкой получения качественного образования, не только создает и развивает самостоятельный поиск, но и развивает его. Целью данной статьи является способности учителей эффективно использовать интерактивные технологии применяемые в лично-ориентированном обучении иноязычного образования.

**Ключевые слова:** лично-ориентированное обучение, интерактивные технологии, кейс стади, мозговой штурм, метод чтение джигсо, ролевые игры

Suleimenova S.N. <sup>1</sup> Abdigulova S.M. <sup>2</sup>

<sup>12</sup>*KazNPU named after Abay  
teachers, masters of pedagogical sciences.  
Almaty, Kazakhstan*

## **THE USAGE OF INTERACTIVE TECHNOLOGIES IN STUDENT-CENTURED APPROACH OF FOREIGN LANGUAGE EDUCATION**

### **Abstract**

This article examines the peculiarities, importance and role of using interactive technologies in the person-oriented education of foreign language. The content of education is changing from old to new. Interactive teaching methods are based on interpersonal communication and correspond to the modern educational paradigm which is “personality oriented education”. At the same time, cognitive activity, which is a prerequisite for obtaining a quality education, not only creates and develops an independent search, but also develops it. The purpose of this article is based on the ability of teachers to use interactive technologies effectively in the person-oriented learning of foreign language.

**Key words:** person-oriented learning, interactive technologies, case study, brainstorming, jigsaw reading, role play

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен[1]. Елбасы Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім»[2]. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп және университет бағдарламаларына енуде.

Қазіргі кезде білім беру парадигмасы өзгерді. Ол бұрын пәнге бағытталған түрде жүргізілсе, енді жеке тұлғаға бағытталған түрде жүргізілетін болды. Бұл-қоғамдағы өзгерістерге байланысты туындаған объективті процесс. Бұрынғы оқыту технологиялары оқушылардың жалпы оқуға деген ұмтылыстары мен біліктіктерін қалыптастыруға бағытталған еді. Онда оқытылатын пәннің өзі оқыту мақсаты тәрізді болатын да, ал оқушы – соған жету құралы болып саналатын. Осының нәтижесінде көптеген оқушыларда оқуға деген оң көзқарас қалыптаспайтын. Білім беру саласында мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияны тиімді пайдалану, оқытуды жетілдіре түсу, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың білім деңгейін халықаралық стандартқа сәйкестендіру – ең басты бағыттардың бірі болып саналады[3, 16 б.]. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру дегеніміз - педагогикалық іс-әрекеттің әдіснамалық жаңа бағыты, яки баланың қайталанбас дара тұлға ретінде өзін-өзі тануын, өзін-өзі жетілдіре отырып, дамытуын қамтамасыз ететін өзара тығыз байланысты идеялар, түсініктер мен іс-әрекеттер жиынтығы[4,16.].

К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық



технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз[5, 461б.]. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды». Интерактивті технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі [6, 1 б.].

XX ғасырдың 60-жылдары білім беруде интерактивті технология кеңінен қолданыла бастады. Кейбір ғалымдар оны оқытудың практикалық әдісіне жатқызады, ал басқалары оны ерекше топқа жатқызады. интерактивті технологияларды әдістерден бөліп, ерекше топқа жатқызу біріншіден, олардың көрнекілік, сөздік және практикалық әдістердің элементтерін ала отырса да, олардың тыс екендігінде, ал екіншіден, олардың өзіне тән ерекшеліктерінде болып табылады [7, 204 б.].

Интерактивті технология – мұндағы интерактивті сөзі - inter (өзара), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, оқушылар жұпмен немесе топпен жұмыс істеп, бір-бірімен ой-пікір алмасып, сабақ барысына барлық оқушылардың қатысуын талап ететін оқыту барысы. Бұл технология - шет тілін оқыту барысында қолданатын таптырмас құрал болып табылады, себебі интерактивті оқыту оқушының жеке өздігінен ізденуіне, топтасып оқып үйренуіне, іс-әрекет барысында білім алуға, оқушылардың өздерін бағалай білуіне мүмкіндік береді. Интерактивті технологияларды біз оқытушы мен оқушының арасындағы оқыту үрдісін ойын түрінде ұйымдастырылған жүйе ретінде қарастырсақ болады, яғни педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ондағы мақсат оқушылардың қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып пікір алмасуға үйрету. Ойындар оқытудың әдісі ретінде оқытудың белсенділігін арттырудың үлкен мүмкіндіктеріне ие. Интерактивті ойындар арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыру – бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі. Сабақ барысында ойын элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың сабаққа ынтасын арттырады, олардың білімді терең, өмірмен байланыстырып игеруіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге өткізілген тәжірибелердің нәтижелері дидактикалық ойындардың оқытуда маңызы роль атқаратынын көрсетеді [8, 65 б.].

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Интерактивті технологиялардың түрлері өте көп, солардың ішіндегі ең жиі қолданылатындарына тоқтай кетсек.

Кейс стади технологиясы – арнайы модельденген немесе нақты өндірістегі жағдайларды талдау, мәселелерін анықтау, альтернативті шешімдер іздеу, мәселенің оптимальды шешімін қабылдау барысында қолдануға негізделген технология. Кейс әдісі алғаш рет АҚШ-тың Гарвард университетінің құқық

мектебінің оқу үрдісінде 1870 жылы қолданылған болатын, ал сол жердегі бизнес мектебінде 1920 жылдан бастап қолданыла бастаған. Оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс стади амал тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен ғалым Копленд ең алғашқылардың бірі болып өз еңбектерінде осы термин атауын пайдаланған екен [9, 112 б.]. Кейс әдісін шет тілін оқытуда қолдану кеңінен таралған, себебі бұл кез келген проблеманы талдап талқылауға бағытталған технология. Оқушыларды топтарға бөліп, оларға сабақ барысындағы тақырыпқа байланысты проблемаларды немесе жағдаяттарды беріп бір шешім табуға үгіттейді. Жағдаяттарды талдау барысында оқушылар бір бірімен пікір алмасып бір шешімге келеді әрі оқушылардың сөйлеу мен тыңдау мәнерінің дамуына септігін тигізеді.

Миға шабуыл (brainstorming) – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге келгендерін негіздеп жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақыт көлемінде орындалуы шарт. Миға шабуыл әдісін 1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған болатын. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатын көздеген еді. Бұл әдістің негізгі міндеттері: мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтау; ғылыми немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу; студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту; ынтымақтастықты дамыту [8, 60 б.].

Джигсо әдісі – мәтін оқуға арналған интерактивті технология. Оқытушы оқушыларды топтарға бөледі, оларға ұзақ біртұтас мәтінді бірнеше кішігірім бөліктерге бөліп таратады, оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әр-қайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1,2,3,4 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. 4 топ құралады. Әр топ өкілдері басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді. білімгерлер тек өзінің бөлімдерін оқып топтағыларға түсіндіреді, осылайша бұл мәтін талқыланып, мазмұндалады. Білім алушылар сөйлеу мен оқу мәнерін дамытады, топпен мәтінді талқылау және идеялармен бөлісу арқылы ынтымақтастықты орнатады [10, 5 б.].

Рөлдік ойын – бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Рөлдік ойындар шағын топтарда жүргізіледі (3-5 қатысушы). Қатысушы тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа көрсетеді. Оқытушы балалар мінез құлықтарын ескере отырып рөлдерді өздері бөледі [8, 63 б.]. Шет тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты, білімгерлерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушының алдында тұрған басты міндеттердің бірі шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, ең тиімдісін өз сабағында қолдану. Оқушылардың сөйлеу әрекетін жақсартуға негізделген тиімді технологиялардың бірі – рөлдік ойын.

Қорыта айтқанда интерактивті технологиялар оқушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыруды көздейді. Сондай-ақ тілді оқыту барысында студенттердің әртүрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамытуға, ақпаратпен жұмыс жасауды үйретуге де үлкен мүмкіндік туғызады. Қазіргі уақытта шет

тілдерін оқытудың бір ерекшелігі – оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. Интерактивті технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2006ж.
3. Жұмабаев М. «Педагогика» - 1991 – 16б.
4. Орумбаева А. Д. Жеке тұлғаға бағыттап оқыту – 2010 –1б.
5. Ушинский К. Д. Избранные педагогические сочинения/Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии (1861). — М.: Изд-во Академии наук РСФСР – 1945. — с. 461.
6. Темирбаева Қ. Х. «Оқытудың жаңа технология түрлері және өзімнің іс-тәжірибемнен», Орал – 2015–1б.
7. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Байжұманова Н.С. «Оқытудың жаңа технологиялары» Қарағанды: ҚарМУ баспасы – 2010 –. 204б.
8. Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ғ., Егоров В.В. «Оқыту технологиясының түрлері» – 11 қазан 2012 – 65б, 60б, 63б.
9. Джамалдинова М.Т., Дүйсеева Л.А. «Шет тілін үйретудегі инновациялық технология түрлері: кейс стади технологиясы», Алматы: ҚазҰУ – 2016 – 112б.
10. Elliot Aronson, S. Patnoe, Cooperation in the classroom: The jigsaw method, New York: Longman – 1997– p.5.

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА  
МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД  
INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION**

**МРНТИ: 14.35.09**

*Ломаченко Н.Л.<sup>1</sup>, Жубанова К.Х.<sup>2</sup>*

*<sup>12</sup>старшие преподаватели Казахского национального университета им. аль-Фараби  
г. Алматы, Казахстан.*

**ПЕРЕВОД КАК ВИД РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

**Аннотация**

В статье анализируется определение сущности перевода как вида речевой деятельности. Предлагается описание двух видов перевода – художественного и технического. Описываются особенности работы над переводом научно-технических текстов. Упомянуты различные источники информации, необходимые для грамотного перевода. Рассматриваются требования к техническим переводчикам. Описываются некоторые творческие вызовы, стоящие перед переводчиком, например изобретение нового термина. Подчеркивается существенная разница в обучении иностранному языку и письменному переводу.

**Ключевые слова** : специальная информация, узкоотраслевая подготовка, система знаков , средство обмена информацией , библиографические указатели , содержание оригинала, терминологический словарь.

*N.L. Lomachenko,<sup>1</sup> K.H. Zhubanova<sup>2</sup>*

*<sup>12</sup> Senior teachers of al-Farabi Kazakh National University.  
Almaty, Kazakhstan*

**TRANSLATION AS A KIND OF SPEECH ACTIVITY**

**Abstract**

The determination of translation as a kind of speech activity is analysed. Two ways of translation description are presented. Peculiarities of technical translation work are given. Different sources of information needed for proper translation work are mentioned. Some demands for translators of technical texts are depicted. Some challenges facing translators are noted. Difference between teaching general English and teaching translation of technical texts is stressed.

**Key-words:** specific information, sign system, means of information change, original contents, bibliographic indexes, terminology dictionary.

*Ломаченко Н.Л.<sup>1</sup>, Жубанова К.Х.<sup>2</sup>*

<sup>12</sup> Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушылары  
Алматы қ., Қазақстан.

## АУДАРМА СӨЙЛЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРІ

### Түйіндеме

Мақалада аударма мәнінің анықтамасы сөйлеу қызметінің түрі ретінде талданады. Аударманың екі түрі - көркемдік-техникалық сипаттамасы. Ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару бойынша жұмыстың ерекшеліктері сипатталған. Құзыретті аударма үшін қажетті әртүрлі ақпарат көздері көрсетіледі. Техникалық аудармашыларға қойылатын талаптарды қарастырады. Аудармашы алдында тұрған кейбір шығармашылық қиындықтар, мысалы, жаңа терминнің өнертабысы сипатталған. Шет тілін және аударманы үйренудегі айтарлықтай айырмашылық бар.

Кілт сөздер: арнайы ақпарат, салаға арнайы дайындық, белгілер жүйесі, ақпарат алмасу құралы, библиографиялық көрсеткіштер, түпнұсқа мазмұны, терминологиялық сөздік.

Язык есть средство познания. С помощью языка мы сообщаем другим людям то, чего они не знают, а также то, что мы чего-то не знаем и хотим узнать. С помощью языка мы узнаем мысли других людей. Если бы люди были способны «читать» мысли других людей, им не о чем было бы разговаривать.

Язык также служит средством общения людей разных национальностей. Мысли, выраженные на одном языке с помощью одной системы знаков, то есть выразительных средств одного языка, могут стать непонятными для людей, говорящем на другом языке, если в процессе общения они будут выражены с помощью системы знаков этого другого языка, то есть с помощью выразительных средств этого второго языка. Этим и занимаются переводчики, без которых процесс общения между людьми, использующими различные системы знаков для выражения мыслей, был бы крайне затруднен. Так что же представляет собой перевод? Прежде чем дать определение перевода, следует вспомнить, что процесс перевода – это активный, целенаправленный процесс, включающий в себя три основные части:

1. Зрительное или слуховое восприятие на каком-либо языке с целью понимания.
2. Осмысленное запоминание понятого путем его анализа на языке оригинала и синтеза на родном языке с целью сделать содержание сообщения и оригинала своим собственным знанием.
3. Воспроизведение запомненного на другом языке (чаще всего – родном) с целью передачи того, что стало собственным знанием, другому лицу.

Таким образом, переводом можно назвать выражение того, что уже было выражено ранее на одном языке, средствами другого языка. Причем, этими языковыми средствами можно выразить не только мысли, но и чувства. Из этого простого определения следуют весьма важные выводы для теории перевода вообще и теории технического перевода в частности.

Если перевод - это передача того, что уже было выражено, то, значит, переводятся не слова, не грамматические конструкции и другие средства языка оригинала, а мысли содержание оригинала. Содержание и выражается еще раз при переводе, но уже с помощью других средств, образующих другую систему языков, имеющую свои собственные правила и законы.

Известно, что одно и то же слово, и даже целое предложение, может выражать разное содержание и получает однозначный смысл только в определенном контексте. Только такую однозначную информацию можно понять, запомнить и выразить на другом языке, то есть перевести.

Стихотворение М. Лермонтова « На севере диком...» - это перевод известного стихотворения немецкого поэта Г. Гейне, но смысл стихотворения Гейне отличается от смысла лермонтовского перевода. У Гейне он ( der Fichtenbaum) тоскует о ней (die Palme), а у Лермонтова она, сосна вспоминает её, свою подругу пальму. И тем не менее это прекрасный перевод, пользующийся большей известностью, чем у других переводчиков, сохранивших истинный смысл оригинала (Кедр – Пальма, Дуб – Пальма).

Ради чего же Лермонтов поступился формальным признаком? Видимо, ради чувства, которое это проникновенное стихотворение вызывает у читателя, потому, что это чувство и есть основной смысл стихотворения.

Прекрасный поэт и переводчик И. Крылов тоже хорошо понимал, сто главное в поэтическом переводе – это произвести адекватное воздействие на чувства читателя, а не покорно следовать за словом оригинала или его формальным смыслом. Вероятно поэтому при переводе басни Лафонтена « Стрекоза и муравей» (La cigale et la fourmi), он не побоялся переделать la cigale - её цикаду в стрекозу, а la fourmi- тоже её (у французов муравей тоже женского рода) – в него, муравья. И получилось, как нам всем известно, очень хорошо. И неважно, что крыловская стрекоза и поет и пляшет в траве, важно, что перевод вызывает те же чувства у читателя, что и французский оригинал Лафонтена.

Воздействовать на чувства читателей так же, как это сделал автор – поэт (или еще сильнее) – вот задача переводчика поэтических произведений. Сильнее воздействовать на читателя – значит более ярко выразить содержание оригинала, то есть мысли и чувства автора, чем сам автор. Известное высказывание замечательного поэта – переводчика В.А. Жуковского о том, что переводчик стихов может иногда оказаться и соперником автора, представляется правомерным.

Поэтому - то перевод и определяется как выражение всего того, что уже было выражено на одном языке средствами другого языка. А если перевод – это выражение того, что уже было выражено на каком – либо языке, то значит, непереводаемых оригиналов нет, так как то, что можно выразить на одном языке, можно выразить и на любом другом. Есть только труднопереводимые тексты. Причем трудности при переводе - это или трудности, связанные с пониманием, которые проистекают от недостаточного знания языка оригинала или недостаточного знания существа предмета, то есть от недостатка специальных знаний. Или трудности, связанные с выражением, объясняемые слабым знанием языка, на который делается перевод, либо отсутствием в этом языке готовых эквивалентов для выражения того, что уже было выражено средствами языка оригинала.

Помимо перевода художественной литературы существует и перевод «технических текстов», так называемый технический перевод, хотя следует признать, что понятие «технический» текст очень расплывчато. Так, например, начав с чисто «технических» текстов, описывающих различное производственное оборудование, можно незаметно перейти к текстам, описывающим хирургическое оборудование, то есть к медицине, а медицина, как известно связана с биологией, а это уже область естествознания, которое в свою очередь является основой философии, а философия – основа политики. « Политические» же тексты настолько разносторонни, что затрагивают все области человеческой деятельности и органически сливаются с областью художественной литературы. В то же время в художественной литературе, особенно научно –

фантастической, можно встретить немало страниц, подходящих под общепринятое понятие технических текстов. Круг, таким образом, замыкается, и мы видим, что четкой границы между технической и художественной литературой не оказалось.

Тем не менее обычно виды специального ( нехудожественного ) перевода определяются характером материала, обрабатываемого переводчиком. Например, существует так называемый « военный перевод », и существуют учебные заведения, готовящие военных переводчиков, являющихся разновидностью военных переводчиков. Но ведь очевидно, что переводчику, работающего в области « военного перевода », нередко приходится иметь дело с совершенно « невоенными » текстами например. при допросе военнопленных или при обработке информации. Поступающей от населения. Таким образом, дело не столько в том , что переводится , а в том , как переводится и для чего. Технический перевод – это прежде всего перевод, используемый для специальных целей, а именно для обмена специальной информацией, поступающей и воспринимающейся на разных языках. Следовательно, перевод технический – это перевод , используемый для обмена специальной научно – технической информацией между людьми, говорящими на разных языках.

Из этого вытекает, что технический переводчик - это переводчик- посредник, без которого этот обмен был бы невозможен. Технический переводчик, так же как и переводчик художественной литературы, должен обязательно знать два языка , одним из которых он должен владеть достаточно свободно для точного, ясного и грамотного воспроизведения языка оригинала. Но это еще не всё. Так как технический перевод – это средство обмена научно – технической информацией, то , следовательно , целью этого перевода на родной язык должно быть использование принципиально новых сведений.

А перенимать новые научные сведения из европейской и мировой науки - это насущная задача в процессе развития науки независимого Казахстана. А это означает , что в своей работе технический переводчик часто имеет дело с самым новым материалом ( причем качественно новым и еще никому у нас не известным) , для восприятия которого необходима определенная подготовка, нужны специальные знания.

Какими же качествами , знаниями и умениями должен обладать человек , выполняющий роль посредника в обмене научно – технической информацией ?

Прежде чем ответить на этот вопрос , необходимо остановиться на сущности и формах этого обмена , поскольку содержание этого процесса и определяет формы работы технического переводчика.

Научно – техническую информацию, поступающую на иностранных языках, можно разделить условно на 3 потока :

1) патентную литературу, являющуюся основной формой обмена , так как все новое в области науки и техники официально оформляется в виде патента и его производных форм ;

2) периодическую , специально предназначенную для обмена научно – технической информацией, например : отраслевые бюллетени , содержащие рефераты, аннотации и названия ; отраслевые научно – технические журналы , содержащие дискуссионные , проблематичные и отчетные статьи специального характера ; библиографические указатели с названием тем , изобретений и предметов промышленной продукции, также иногда содержащие аннотации и тематические обзоры работ по данной отрасли ;

3 ) различные периодические и непериодические издания и другие источники информации , не предназначенные специально для научно – технического обмена , но могущие использоваться для этой цели , например : специальные журналы и книги ,

рекламные материалы , инструкции и другие подобные источники специальной информации.

Технический перевод охватывает несколько форм и способов обработки оригинала переводчиком. Существует несколько таких видов технического перевода , каждый из которых имеет свои особенности и свои законы. Эти формы не зависят от сферы специализации , и поэтому каждый технический переводчик должен быть знаком со всеми видами технического перевода.

В зависимости от практической ценности , поступающие в нашу страну в процессе обмена материалы обрабатываются по- разному. Вся практически используемая информация обычно обрабатывается в форме полного письменного перевода, являющего основной формой технического перевода. Информация , накапливаемая по определенной системе в качестве справочного и подсобного материала , а также так называемая сигнальная информация обрабатываются в форме сокращенных видов технического перевода , таких, как реферативный перевод , аннотационный перевод , перевод заголовков и т. д.

Отсюда следует , что технический переводчик должен практически знать все виды обработки первичной информации , а также иметь в своем распоряжении определенную сумму специальных знаний , позволяющих в процессе перевода совершить переход из области старого , уже известного , в область нового , неизвестного , составляющего основное содержание оригинала. Это последнее обстоятельство является причиной весьма распространенного мнения о том , что технический переводчик должен знать технику , быть специалистом , инженером. Конечно , хорошо , если технический переводчик знает технику. Но это , к сожалению , далеко не всегда возможно. Даже узкий специалист , напряженно следя за всем новым , появляющимся в его области, как показывает статистика , успевает ознакомиться лишь с небольшой частью интересующей его информации. Для нашего времени характерна узкая специализация. Если лет сто назад человек мог при желании одинаково хорошо усвоить почти все уже известное и все новое в области науки и техники , то в наши дни это совершенно невозможно никому. Наука и техника получили такое широкое развитие, они так усложнились и разветвились , что узкая специализация для научно – технических работников стала насущной необходимостью. Это распространяется и на технических переводчиков, которым, как правило , приходится специализироваться в какой - либо одной области производства.

Если переводчик не имеет узкоотраслевой подготовки , он должен восполнить этот пробел , систематически изучая специальную литературу, следя за новинками в данной области , обогащая свою память знаниями специалистов, с которыми он общается по работе , принимая опыт более опытных коллег . Постепенно и сам переводчик становится специалистом в данной области.

Существует , однако , немало переводчиков , не имеющих еще определенной сферы специализации , например переводчиков – внештатников и фрилансеров , обрабатывающих случайный материал , или начинающих переводчиков , пробуящих свои силы в различных областях науки и техники. Таким переводчикам следует прежде всего учиться пользоваться источниками специальной информации , то есть учиться быстро находить и практически использовать необходимые специаль-

ные сведения и для правильного понимания оригинала в различных областях науки и техники. В этом случае , в отличие от специалиста , переводчик пользуется специальной литературой пассивно , не ставя перед собой цели досконально изучить данную область. Окончив перевод , он может и забыть те специальные сведения , которые он получил из источников информации. Если через некоторое время ему возможно придется делать новый перевод из той же области , он может снова



обратиться к тем же источникам информации, причем на этот раз он сможет найти эти сведения быстрее. Это умение быстро находить необходимую специальную информацию и правильно ее использовать может заменить переводчику необходимое знание техники.

Но даже и узко специализирующийся переводчик всегда должен быть готов к переводу материала из незнакомой области, так как все области науки и техники тесно взаимосвязаны и как бы проникают друг в друга. Так, например, в автомобилестроение вовлекаются и металлургия, и обработка металлов, и производство сплавов, и электротехника, и химия, и электроника, и малярное дело, и много других отраслей промышленности и науки (по тематике предприятия).

Но и это еще не все. Если переводчик художественной литературы может и не знать что такое муфта, развертка или вулканизация, то для технического переводчика – это обыденные понятия, и соответствующие им иностранные слова – термины должны входить в его активный словарный запас, который должен включать также названия основных деталей машин и механизмов, процессов обработки материалов, основных химических реакций, основных радиотехнических и электротехнических устройств и приборов, номенклатур мер и весов.

Активный терминологический словарь переводчика существенно экономит его рабочее время. Такой словарь может накапливаться постепенно в процессе работы, и состав его определяется содержанием этой работы, то есть у каждого переводчика накапливается свой собственный специальный словарь, хотя, конечно, существует какой – то минимум общетехнической терминологии, которым обязательно должен владеть каждый переводчик.

Если суммировать вышеизложенное, то можно сделать вывод, что технический переводчик должен:

- 1) знать хотя бы один иностранный язык в степени, достаточной для понимания;
- 2) знать другой язык (обычно родной) в степени, достаточной для грамотного изложения;
- 3) уметь пользоваться рабочими источниками информации;
- 4) уметь делать различные виды технического перевода;
- 5) обладать терминологическим минимумом;
- 6) уметь применять данный минимум в своей конкретной работе.

Эти качества технического переводчика определяют особенности и содержание его профессиональной деятельности.

Случаются такие ситуации при переводе научно – технической литературы, когда искомое слово может быть не найдено ни в одном из источников информации, то есть ни в двуязычных словарях, ни в справочниках, ни в энциклопедиях. Если не удастся найти такое слово ни в одном из упомянутых выше источников, но смысл его ясен из контекста, переводчик имеет право после консультации со специалистом предложить новый термин. Здесь может быть три пути. Первый – это введение нового термина. Этот путь имеет две ветви:

а) Изобретение термина, например, когда придумали для английского термина scanning эквивалент «развёртка», для термина push-pull – двухтактный (радио); для fading – замирание (радио) и т.д.

б) калькирование, то есть конструирование нового термина в соответствии с формой и составными частями оригинала, например: lawn-mover – «газонокосилка», sky-scraper – небоскреб (от sky – небо и scrape – скрести).

Следующий способ создания нового термина – описание. Этим путем термин scanning может быть описан как «обегание экрана лучом», а термин fading как «ослабление сигнала на входе в результате интерференции». Вот еще несколько примеров описания: repeater – промежуточный усилитель, titromatic analyser – автоматическая установка для периодического титрования, piggyback- перевозка автофургонов на железнодорожной платформе.

Третий способ – это транскрипция или транслитерация. В этом случае уже знакомый нам термин scanning может быть представлен в соответствии с этим путем как «сканирование»; fading как «фединг»; puss-pull как «пушпул»; piggyback как «пигибак» и так далее. Вот еще примеры: bulldozer – бульдозер, air lift – эрлифт, banking, – банкинг.

Транскрипция отличается от транслитерации тем, что транскрипция передает звуки оригинального термина, а транслитерация – буквы, однако практически разница между транскрипцией и транслитерацией при создании нового термина невелика.

Следует иметь в виду, что третий путь, хотя и самый легкий, далеко не всегда самый лучший, так как построенные по этому способу термины несут мало информации, часто требуют дополнительного объяснения, вызывают путаницу и засоряют язык. Тем не менее, следует признать, что в последнее время к указанному выше способу прибегают всё чаще. Так можно объяснить появление большое количество новых пришедших из английского языка терминов таких как майнинг ( mining ), форжинг ( forging ) хейтер ( a hater ) и др.

Бывают случаи, когда источниками информации переводчик может пользоваться вне разнообразной системы. Это те случаи, когда переводчику нужен только один вполне определенный источник информации. Вот эти случаи:

1. Переводчика интересует грамматическая форма какого-либо слова языка. На который делается перевод. Например, требуется узнать, как будет множественное число от слова дно. Ответ можно найти в орфографическом словаре: множественное число от слова дно будет донья.
2. Переводчику нужно перевести какие – либо неметрические меры в метрические, например градусы по Фарингейту в градусы по Цельсию, дюймы в сантиметры и так далее. В этом случае нужно сразу обратиться к «Справочнику для перевода мер и весов» или к приложению двуязычного политехнического словаря.
3. Переводчик встретил незнакомое слово, которое явно является сокращением. В этом случае следует обратиться к «Словарю английских и американских сокращений» или к спискам сокращений двуязычных словарей.
4. Переводчик встречает слово или выражение в латинском написании, явно не входящее в словарный состав языка оригинала, например ex adverso. В этом случае нужно посмотреть список иностранных слов и выражений в латинском написании «Словаря иностранных слов». Вот несколько популярных латинизмов: Per se = by itself – само по себе, Via = through - путем, Sic= important – важно, подлинник, Ergo = consequently - следовательно, In situ = at the site – на месте, Sui generis = in its kind в своём роде, Proviso= on condition that – при условии.

А вот заголовок полного письменного технического перевода следует перевести в самую последнюю очередь, приняв во внимание все особенности содержания оригинала всей статьи или текста. Это представляется естественным, так как из переводов заголовков статей, патентов, книг и т. д. составляются библиографические указатели, картотеки, каталоги, справочники, индексы, которые могут помочь специалистам отобрать для практического применения материалы совершенно определенного содержания.

Итак, преподаватель должен ясно представлять себе разницу между обучением иностранному языку и обучением переводу как самостоятельному умению. Как известно, на занятиях по английскому языку перевод на родной язык используется в основном в качестве средства контроля понимания текста и для проверки знаний изучаемой лексики. На занятиях же по техническому переводу перевод с английского языка на казахский или русский языки является основной целью работы.

### **Использованная литература:**

1. Н.Д. Чебурашкин «Технический перевод в школе». Под редакцией Б.Е. Белецкого. Москва «Просвещение». 1993.
2. А.А. Леонтьев «Язык, речь, речевая деятельность». Москва, 1996.
3. С.К. Фоломкина «Обучение чтению на английском языке в неязыковом ВУЗе». Москва, «Высшая школа». 2001.
4. И.И. Артоболевский «Политехнический словарь». Москва, 2000.

**МРНТИ: 14.35.09**

*Зайсанбаев Т.К.<sup>1</sup> Макишева М.К.<sup>2</sup> Карипбаева Г.А.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> С.Д.Асфендияров атындағы Ұлттық Медициналық Университеті Акционерлік қоғамы, Тілдік пәндер кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алматы, Қазақстан.*

*<sup>2</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, Дипломатиялық аударма кафедрасының доценті, Алматы, Қазақстан.*

*<sup>3</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, Дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқушысы, Алматы, Қазақстан.*

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ АУДАРМА ОҚУЛЫҚТАР ТІЛІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР**

### **Түйіндеме**

Мақалада қазақ тілінде жазылған медициналық оқу құралы тілдік тұрғыдан жан-жақты талданған. Автор медициналық оқулықтарды тілдік тұрғыдан талдау жасаған ғылыми еңбектер жоқ екенін атап өтеді. Мақалада оқу құралында кеткен лексикалық, синтаксистік және пунктуациялық қателіктер ашып көрсетілген. Автор ол кемшіліктердің себебіне тоқтала отырып, қазақ тіліндегі медициналық ғылыми стильдің қалыптасуы үшін медицина мамандары тіл мамандарымен бірлесе жұмыс істеуі керек деген қорытынды жасайды.

**Кілт сөздер:** аударма тілі, ғылыми мәтіндер, медициналық терминдер, аударма терминдер, терминдердің жазылуы, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, тыныс белгілері, ұлттық сөз саптау ерекшеліктері, талдау жасау.

*Зайсанбаев Т.К.<sup>1</sup> Макишева М.К.<sup>2</sup> Карипбаева Г.А.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> Акционерное общество «Национальный медицинский университет им. Асфендиярова»,<sup>1</sup> доцент кафедры языков, кандидат филологических наук Алматы, Казахстан.*

*<sup>2</sup> Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,*

*<sup>2</sup> Факультет международных отношений, доцент кафедры дипломатического перевода, Алматы, Казахстан.*

*<sup>3</sup> Аль-Фараби Казахский национальный университет,*

*<sup>3</sup> Факультет международных отношений, старший преподаватель кафедры дипломатического перевода, Алматы, Казахстан.*

## **ЯЗЫКОВЫЕ НЕТОЧНОСТИ ПРИ ПЕРЕВОДЕ МЕДИЦИНСКИХ УЧЕБНИКОВ**

### **Аннотация**

В статье рассматривается языковой аспект учебного пособия по медицине, написанного на казахском языке. Авторы особо отмечают отсутствие научных трудов, в которых исследованы учебники по медицине в лингвистическом аспекте. В статье изложены лексические, синтаксические и пунктуационные ошибки, допущенные в учебном пособии. Авторы приходят к выводу, что медицинские работники должны работать вместе с лингвистами, чтобы сформировать стиль медицинской науки на казахском языке, ссылаясь на причины этих неточностей.

**Ключевые слова:** язык перевода, научные тексты, медицинские термины, переведенные термины, написание терминов, порядок слов в предложении, пунктуация, особенности стиля как национального, делать анализ.

*Zaysanbaev T.K.<sup>1</sup> Makisheva M.K.<sup>2</sup> Karipbaeva G.A.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> National Medical University named after Asfendiyarova*

*<sup>1</sup> Associate Professor, Department of Languages, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan.*

*<sup>2</sup> Kazakh National University. Al Farabi*

*<sup>2</sup> Faculty of International Relations, Associate Professor, Department of Diplomatic Translation, Almaty, Kazakhstan.*

*<sup>3</sup> Al-Farabi Kazakh National University,*

*<sup>3</sup> Faculty of International Relations, Senior Lecturer, Department of Diplomatic Translation, Almaty, Kazakhstan.*

## **LINGUISTIC INACCURACIES IN TRANSLATING MEDICAL TEXTBOOKS**

### **Abstract**

The Linguistic aspect of one educational manual on medicine written and published in the Kazakh language is considered in this article. The authors point out the absence of scientific publications where textbooks on medicine have been researched. Lexical, syntactical and punctuation mistakes made in the above told educational manual. The authors conclude that medical employees should work with linguists to formulate the style of medical science in Kazakh, referring to the causes of these inaccuracies.

**Key words:** language of translation, scientific texts, medical terms, translated terms, writing of terms, word order in sentences, punctuation, the peculiarities of style as national one.

Ғылымның әр саласында кеңінен қолданылуы – тілдің лексикалық, грамматикалық және стильдік жақтан дамуына зор үлесін қосады. Қалыптасқан ғылыми стильдің болуы сол тілдегі ғылымының даму деңгейінің көрсеткіші десе де болады. Кеңес Өкіметі кезінде педагогикалық оқу орындары болмаса, жоғары оқу орындарының барлығында білім орыс тілінде берілді. Тіпті қазақ мектептерін бітірген балалар да емтиханды қазақ тілінде тапсырғанмен, жоғары оқу орындарында техникалық және медициналық білімді орыс тілінде алатын. Бұл ғылымдар саласындағы диссертациялар да орыс тілінде жазылды. Міне осылардың барлығы бұл салаларда ғылымы терминдердің де, ғылыми стильдің де қалыптасуына кедергі жасады. Еліміз тәуелсіздік алғалы жоғары оқу орындарының барлығында қазақ бөлімдері ашылды. Қазақша оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, қазақша терминдер қалыптастыру бойынша да көптеген жұмыстар атқарылуда. Дегенмен осы жазылған оқулықтар мен оқу құралдарына, ғылыми еңбектерге тілдік тұрғыдан талдау жасалмай жатыр. Академик Ө.Айтбайұлы: «Бірен-саран болса да жарық көрген ғылыми еңбектерді саралап байқасақ, мынау мына ғылымның, анау ана ғылымның өзіне ғана тән қалам сілтесін, баяндау тәсілін, стильдік өрнегін танытады дейтіндей бұлтартпас айғақты мысалды табу өте қиын, яғни ғылыми стильдің ара-жігі әлі айқындала қойған жоқ» [1, 311], – дей келе, ғылым тілін, ғылыми мәтін стилін талдап беретін еңбектер жоқ екеніне тоқталады.

Төменде қазақ тіліндегі медициналық ғылыми еңбектердің тілі туралы сөз қозғайық. Ол үшін Қазақстандағы маңдай алды медициналық жоғары оқу орны – С.Ж.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университетінің «Хабаршысында» қазақ тіліндегі мақалалар саны қанша деген мәселеге тоқталайық. Мысал ретінде осы университет «Хабаршысының» 2017-жылғы №2-санына шыққан мақалаларды санап шықтық. «Хабаршыда» жарияланған мақалалар саны – 89, оның 14-і қазақша, 9-ы ағылшынша [2]. Қазақша жазылған 14 мақаланың үшеуі дәрілік өсімдіктер мен фармацевтика өндірісі мәселесіне арналғанын, біреуі қазақ тілінде термин қалыптастыру туралы мақала екенін ескерсек, таза медицина тақырыбында он мақала ғана жазылғанын көреміз. Мұндай жағдай «Хабаршының» барлық нөмірлеріне тән. Қазір медициналық жоғары оқу орындарында қазақ бөлімінде оқитын студенттер саны басым. Яғни, қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылар да көп деген сөз. Онда неге қазақ тілінде жазылған мақалалар аз деген сұрақ туындайды. Оның себебі ғылыми мақала жазатын профессорлар мен доценттер Кеңес Өкіметі кезінде медициналық білімді орыс тілінде алғандар. Орыс тілінде оқып, орыс тілінде жазып дағдыланып қалған олар үйренген әдеттерінен жаңылғылары келмейді. Қазақша жазудың машақатынан қашады. Қазақша терминдердің бірізділікке түспей жатуы да, бекітілген терминдердің қайта-қайта қаралып, жиі-жиі өзгертіле беруі де қазақ тілінде мақала жазушыларға қиындық тудырады. Осындай мәселелерді ескерген С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰУ ректоры Т.С.Нұрғожин терминологиялық комиссия мүшелеріне қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарына сараптама жасауды тапсырған болатын. Біздің қолымызға С.Т.Қизатованың «Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы» («Желтухи новорожденных») (учебно-методическое пособие (М. Изд. «Литтера»), 272 стр. 2015 г. Мәскеу «Литтера» б. 2015 ж. 272 б.) [3] атты оқу-әдістемелік құралы түсті. Төменде осы оқу-әдістемелік құралда кеткен кемшіліктерге санамалап тоқталамыз.

1. Көріп отырғанымыздай кітап екі тілде жазылған. Оның үстіне бұл оқу құралының алдымен орысша жазылып, кейін қазақша аударылғаны анық байқалып тұр. Оқу

құралдарын екі тілде бір кітап қылып шығару дұрыс емес деп ойлаймыз, себебі орыс бөлімінің студенті оқу құралын алса, оған қазақша нұсқасының қажеті қанша. Керісінше қазақ бөлімінің студенті үшін сондай. Ал қажеті жоқ беттер саны оқулықтың өзіндік құнын қымбаттатады.

2. Оқу-әдістемелік құралда терминологиялық комиссия бекіткен, сондай-ақ медициналық терминдер сөздігінде бар терминдер толық қолданылмаған. Мысалы, оқу құралында *новорожденный* деген термин *жаңа туған нәресте* деп аударылыпты. «Қазақпарат» баспасынан 2014-жылы шыққан «Қазақша-орысша, орысша-қазақша медициналық сөздікте» ((медицина) XIV Т.) бұл термин *нәресте* деп аударылған [4, 165]. Сондай-ақ әлдеқашан қазақ тіліне аударылып қойған *емшара, дәрумен, жылауық, дене қызуы, аспаптық зерттеу* сияқты терминдер мен терминдік сөз тіркестері оқу құралында *процедура, витамин, киста, дене температурасы, инструментальды зерттеу* деп орысша, немесе орыс сөзімен тіркесу арқылы қолданылған. Бекітілген терминдерді қолданбау автордың да, оқу құралын талқылаған комиссия мүшелерінің де жауапсыздығын көрсетеді. Терминологиялық сөздіктер жасаумен іс бітпейді. Жасалған терминдер ғылыми мәтіндерде қолданысқа түсу арқылы бекиді, сондықтан бұл мәселеге салғырт қарауға болмайды.

3. Оқу-әдістемелік құралдағы *микросферацитарлы эритроцитарлы функциональдық* сияқты терминдер орыс тілінің сын есім тудырушы жұрнағы арқылы жасалып тұрған терминдер. Мұны ескермеген автор оған үстемелеп қазақ тілінің сын есім тудырушы жұрнағын жалғапты. Бұл терминдерге қазақ тіліндегі сын есім тудырушы жұрнақтар *микросферацитті, эритроцитті, функциялық* болып зат есім тұлғасына жалғануы керек еді. Мұндай кемшіліктер қазақша медициналық оқулықтар мен оқу құралдарында көптеп кездеседі.

4. Оқу-әдістемелік құралдың атында *туу* сөзі қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған, бірақ ішіндегі сөйлемдердің барлығында, мысалы *шала туылған, мерзіміне жетіп туылған* т.б. сияқты *туу* етістігі ырықсыз етіс жұрнағы (-ыл) арқылы қолданылған. Орыс тілінің грамматикалық заңдылығы бойынша солай болғанымен, қазақ тілінде мұндай сөз тіркестерінде ырықсыз етіс жұрнағы жалғанбайды. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша *шала туған, мерзіміне жетіп туған* болып қолданылуы тиіс. Қазақ тілінде *туған күн, туған жер, туған ел* сияқты сөз қолданыстары біздің ойымызды дәлелдей түседі деп ойламыз. Қазақ тіліндегі дәстүрлі сөз қолданысын орыс тілінің үлгісіне салып өзгерту белең алып барады. Тіпті радио, теледидарларда да «үлкен рахмет», «мен ойлаймын», «полиция қызметкерлерімен құрықталды» деп орыс тілінің лексикалық, грамматикалық құрылымымен сөйлейтін жорналшылар көбейіп кетті.

5. Оқу-әдістемелік құралда грамматикалық құрылымдары қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келмейтіндіктен, түсінуге қиындық келтіретін сөйлемдер біршама. Мысалы: *Осы мәселенің ерекше маңыздылығын мына деректер айқындайды: гипербилирубинемия нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүреді және кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік, балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулармен дамиды.*

Бұл сөйлемді: *Гипербилирубинемияның нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүруі, кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік пен балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулардың дамуы бұл мәселенің маңыздылығын айқындайды* деп қолданса, әлдеқайда қазақы және түсінікті болар еді.

Сөйлем дұрыс құрылмағандықтан, әрі автордың не айтқысы келгені түсініксіз болғандықтан, орысша нұсқасына жүгінуге тура келген тағы бір сөйлемге тоқталайық. Орысшасы: *Ввиду снижения функции захвата печеночных клеток часть уробилиногена попадает в общий кровоток и выделяется с мочой.* Қазақшасы: *Бауыр жасушаларының*

қармап алу қызметінің төмендеуін ескере отырып, уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түсіп, зәрмен бірге бөлінеді деп аударылыпты. Бұл сөйлемдегі *Ввиду снижения функции захвата печеночных клеток* деген сөз тіркесі дұрыс аударылмаған. Бұл сөйлем қазақша былай құрылуы тиіс деп есептейміз: *Бауыр жасушаларының қармап алу қызметінің төмендеуі салдарынан уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түседі де, зәр арқылы сыртқа шығарылады.*

Кейде жұрнақтың дұрыс жалғанбауынан сөйлем түсініксіз болып шығады. Мысалы: ... *мұнда кейіннен билирубин диглокуронидке айналуы мына кесте бойынша жүреді.* Бұл сөйлемдегі жатыс септігіндегі сілтеу есімдігіне (*мұнда*) **-ғы** жұрнағы жалғануы тиіс еді. Яғни, ... *мұндағы билирубиннің кейіннен диглокуронидке айналу мына кесте бойынша жүреді* болуы тиіс. Ал ... *өтпен ішекке түседі* деген сөз тіркесінде көмектес септігінің жалғауы емес емес, атау септігінің шылауы қолдануы керек еді, яғни *өт арқылы ішекке түседі* болуы керек.

6. Кейбір сөздердің орыс тілінде ауыспалы мағынада тұрғанын ескермеуден туған қателікке мына сөйлемді келтіруге болады. Орысшасы: *Практически у всех новорожденных на 2-5-й день жизни отмечается транзиторные повышение концентрации билирубина в сыворотке крови.* Оқу-әдістемелік құралдағы қазақша нұсқасы: *Қандағы билирубиннің транзиторлы жоғарылауы тәжірибе жүзінде барлық нәрестелердің өмір сүруінің 2-5 күнінде байқалады.* Орысша нұсқасындағы *практически* сөзі бұл сөйлемде *тәжірибе жүзінде* деген мағынада емес, *бәрінде (барлығында)* деген мағынада қолданылып тұр. Яғни, сөйлем былай құрылуы тиіс: *Нәрестелердің барлығының дерлік өмірлерінің 2-5-күндерінде қан сарысуларында билирубин шоғырлануының (концентрациясының) өткініші (уақытша) жоғарылауы байқалады.*

7. Оқу-әдістемелік құралда тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы жиі кездеседі. Мысалы: *Гемолиздік сарғаюдың негізгі себебі эритроциттердің қарқынды гемолизи.* Бұл сөйлемде бастауыштан кейін қойылатын сызықша ескерілмеген. Дұрысы: *Гемолиздік сарғаюдың негізгі себебі – эритроциттердің қарқынды гемолизи.* Сондай-ақ реттік сан есімнен кейін дефис қойылса да, оған үстемелеп реттік сын есім жұрнағын жалғаған. Мысалы: *өмірінің 1-ші күнінде* т.б. Бұл жерде Ф.Мұсабекованың: «Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді оқу да, ұғынуда жеңіл. Тыныс белгісін дұрыс қою арқылы жазушы өз ойын, сезімін жазбаша түрде дәл жеткізеді және айтпақ ойын екінші адамдардың сондай дәрежеде дұрыс түсінуіне жәрдемші болады. Олай болса, тыныс белгілерін қалай қолдануды білу керек, әрбір тыныс белгілерін орын-орнына қоя білу керек.» [5, 22],-деген пікірін келтіре кетуді жөн көріп отырмыз

8. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы және сөйлемнің баяндауышының орнында тұрмауы сияқты кемшіліктерге тоқталайық. Мысалы: *Нәрестелердегі әрбір сарғаюдың жағдайларында анамнезді анықтау маңызды болып келеді: анасындағы резус-сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы, ....., ...* Қазақ тілінде анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Бұл сөйлемде *әрбір* сөзі *жағдай* сөзінің анықтауышы, яғни *жағдай* сөзінің алдында тұруы тиіс, сондай-ақ сөйлемнің баяндауышы да орнында тұрған жоқ. Осы қателіктерді ескерсек, сөйлемді былай құрған дұрыс болар еді: *Нәрестелердегі сарғаюдың әрбір жағдайларында анасындағы резус-сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы ....., ... сияқты анамнездерді анықтау маңызды болып есептеледі.*

Орыс тілінің үлгісімен құрылған, яғни баяндауышы сөйлемнің соңында келмеген тағы бір сөйлемге тоқталайық.

*Қауіпті сарғаюдың» ерте белгілерін анықтау үшін нәрестені мұқият бақылап отыру керек:*

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін бағалау;
- сору рефлексі мен төспен емізудің нәтижелілігін бағалау;
- нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін бағалау;
- бауыр мен көкбауырдың өлшемін анықтау;

қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын қарау.

Дұрысы:

Қауіпті сарғаюдың белгілерін ерте анықтау үшін:

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін;
- сору рефлексі мен емшекпен қоректендірудің нәтижелілігін;
- нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін;
- бауыр мен көкбауырдың өлшемін;
- қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын бақылап отыру керек.

Х.Досмұхамедұлының: «Білім алудың жолы көп, жолдың ішіндегі ең төтесі жақсы мектеп, білімді мұғалім, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары» [6, 48], – деген пікірі бұл күндері де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ғылымның әр саласында қазақ тілінде жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының сапасын жақсарту үшін, сала мамандары мен тіл мамандары бірлесе атсалысуымыз қажет. Біздің мақсатымыз – тырнақ астынан кір іздеу емес, қазақ тіліндегі ғылыми оқулықтардың сапасын арттыруға барынша үлес қосу. Сонда ғана қазақ тілі шын мәнінде мемлекеттік тілге айналады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013-ж., 400-б.
2. ҚазҰМУ Хабаршысы (Ғылыми-практикалық журнал) №2, 2017 ж. – 398 б.
3. Қизатова С.Т. Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы. М. «Литтера» баспасы. 2015 ж. 272 б.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша медициналық сөздік XIV Т., (медицина), Алматы, «Қазақпарат баспасы». – 2014 ж. – 532 б.
5. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, «Ана тілі», 1991 ж. – 128 б.
6. Досмұхамедұлы Х. Аламан, «Ана тілі», 1991 ж. –384

**МРНТИ: 378 016:801:811.111**

*Ұзақбаева З.Ә.<sup>1</sup>, Режсеп А.С.<sup>2</sup>*

*<sup>12</sup>Преподаватели*

*<sup>12</sup>КазНУ им Аль-Фараби, Факультет филологии и мировых языков, Кафедра иностранного языка*

## **ВЗАИМОСВЯЗЬ ЯЗЫКА И КУЛЬТУРЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ**

### **Аннотация**



В статье дается определение понятия культуры, на основе которых мы определяем, как в нашем исследовании понимается культура, и рассматривается взаимоотношение языка и культуры. Также обсуждается обучение культуре, особенно стили и методы обучения культуре. В статье рассмотрено техника и результаты проведения исследования.

**Ключевые слова:** компетенция, образование, содержание обучения, язык, культура, обучение иностранному языку.

З.Ә. Ұзақбаева,<sup>1</sup> А.С. Режеп<sup>2</sup>,  
<sup>12</sup>оқытушылар

<sup>12</sup>Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология және әлем тілдері факультеті, Шетел тілі кафедрасы

## ШЕТ ТІЛІН МӘДЕНИЕТПЕН САБАҚТАСТЫҚТА ОҚЫТУ

### Түйіндеме

Мақалада мәдениет ұғымына анықтама беріледі, соның негізінде біз мәдениетті оқу барысында қалай түсінетінімізді анықтаймыз және тіл мен мәдениеттің арақатынасын қарастырамыз. Мәдениеттану, әсіресе мәдениетті оқытудың стильдері мен әдістері де талқыланады. Мақалада зерттеу әдістемесі мен нәтижелері туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** құзіреттілік, білім беру, оқытудың мазмұны, тіл, мәдениет, шет тілдік білім беру.

Z.A. Uzakbayeva<sup>1</sup>, A.S.Rezhep<sup>2</sup>.  
<sup>12</sup>MA teachers

<sup>12</sup>KazNU named after al-Farabi, Faculty of philology and world languages, Department of foreign languages

## TEACHING FOREIGN LANGUAGE BY CULTURAL COOPERATION

### Abstract

The article gives a definition of the concept of culture, on the basis of which we determine how culture is understood in our study, and considers the relationship between language and culture. Cultural learning is also discussed, especially styles and methods of teaching culture. The article discusses the technique and results of the study.

**Keywords:** competence, education, content of teaching, language, culture, foreign language education.

Қазіргі таңда шетел тілін оқытудың мақсаты тек тілдік және коммуникативті құзіреттілік қана емес, сонымен қатар мәдениетаралық құзыреттілік. Бұл халықаралық байланыстардың өсіп, шет тілдерін үйренушілердің әр түрлі мәдениеттегі адамдармен кездесулерінің артуына байланысты маңызды болып табылады.

Функционалдық анықтамада мәдениет зерттеушілер түсіндіруге тырысатын әлеуметтік құбылыс ретінде түсініледі. Ис-әрекеттің себептері мен мақсаттарын дәл байқау мүмкін болмағандықтан, олар жанама түрде мінез-құлық арқылы түсіндіріледі [1]. Мәдениеттің функционалды анықтамасы шет тілін үйренушіні шетелдік мәдениеттің құбылыстарын түсінуде қолдайды. Студентпен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі ана тілінің шекарасын кесіп өтуі үшін, студент өзінің мәдениетінен байқалатын құбылыстарды білуі керек. Бұл үшін ол шетелдік мәдениеттің өздігінен көрінетін

құбылыстарының бар екендігін мойындауы керек. Бұл мәдени білім беру қажеттілігінің маңызды дәлелі.

Сепир мен оның ізбасарлары тіл мен мәдениетті бөліп қарауға болмайтынын, сондықтан олар екеуін де бірінші орынға қоюды қаламайтындарын атап өтті. Олар тілдің адамның сыртқы әлеммен қарым-қатынасына қатты әсер ететінін баса айтады. Олар тіл мен мәдениет бір-бірімен өзара әрекеттеседі деп санайды: тіл мәдениетке және мәдениет тілге әсер етеді. Адам өзінің мәдениетін тілдің көмегімен қалыптастырады, және әр тілдің дамуында қоршаған мәдениеттің ізі болады. Сондықтан тіл мен мәдениетті бөлу жасанды болып табылады [2].

Соңғы кездері тіл үйрену мәдени тұрғыдан ескеріле бастады. Тілден басқа, басқа мәдениеттің өкілдерімен қалай қарым-қатынас жасауды үйрену үшін мәдениетті зерделеудің маңызы зор. Қарым-қатынас кезінде олар күрделілікке ұмтылады, яғни шет тіліндегі ауызша қарым-қатынастан басқа, паравербальды (интонация, пауза) және вербальды емес (қимыл, бет-әлпет) қарым-қатынасқа назар аударылады. Жақында әртүрлі ғылымдар саласында олар «мәдениетаралық оқыту» түсінігін қолдана бастады. Бұл сонымен қатар шет тілдерін оқытуда маңызды мақсатқа айналды.

Адам өз мәдениетінде және басқа мәдениеттер мен олардың өкілдеріне байланысты өседі. Ол ана тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолданады. Ол сонымен қатар өз мәдениетіне сай вербалды емес қарым-қатынасқа дағдыланған және өз мәдениетінің өкілдерімен бірдей құндылықтарға ие. Демек, бұл өз мәдениетінің жемісі [3]. Шет тілін және шетелдік мәдениетті үйренуші ана тілі мен мәдениетінің өкілі болып қала береді. Студент іс-әрекеттің және қарым-қатынастың екі бөлек түрін игермейді, бірақ ол көп тілді тұлға болып, өзінің мәдениаралық құзыреттілігін, яғни әртүрлі мәдениеттерде әрекет ету қабілетін дамытады. (Eurooppalainen viitekehys 2003: 73.) Адам бөтен мәдениетке тап болған кезде, ол өзінің ана тілі мен мәдениеті орнатқан шекараларды бұзуға кіріседі.

Мәдениетаралық оқытудың шарты - бұл мәдениетаралық сезімталдықты қалыптастыру процесі. Шетел тілі мен шетелдік мәдениеттің жат сипаты шетелдік мәдениеттің құбылыстарына неғұрлым зерек болуды талап етеді. Зеректікті мектепте, мысалы, мәтіндер, фильмдер, музыка және әңгіме арқылы алға жылжытуға болады, бірақ бұл, шын мәнінде, өмірлік процесс. Мәдениетаралық сезімталдықты дамыту процесіне бақылау мен гипотеза кіреді. Мұғалім студенттерді шетелдік мәдениетті және оның құбылыстарын бақылауға шақыруы керек және оларды өздерінің туған мәдениеттеріндегі сәйкес құбылыстармен салыстыруы керек. Бақылау негізінде студенттер шетелде олардың тіл және мәдениет тұрғысынан қалай дұрыс әрекет ететіндігі туралы гипотезалар жасайды. Кейін гипотезалар расталады немесе жоққа шығарылады. Мәдениетаралық сезімталдықтың дамуының бір факторы - рефлексіу болып табылады. Студент өз әрекеттері мен ілімдері туралы үнемі өз бетімен және басқалармен ойластыруы керек. Осылайша, студент шетелдік мәдениеттің құбылыстарымен кездесіп қана қоймай, олармен байланысты мағыналар мен ұғымдарды игеруге тырысады, сонымен қатар оларды өз тәжірибесімен және алдыңғы білімімен тығыз байланыстырады [4].

Байрам мен Эсарте-Саррис әр түрлі мұғалімдердің сабақтарын қарап, сабақтарында ұсынылған мәдени мазмұнды зерттеді. Олар төрт мұғалімді мысал ретінде пайдаланып, оқытудың төрт түрлі стилін бейнелейді. Барлық осы мұғалімдер мәдениетті білу олардың пәнінің маңызды бөлігі болып табылады және оқушылардың түсінігі мен көзқарастарына және сыныптағы атмосфераға әсер етеді деп санайды. Алайда стильдерді типтік деп санауға болмайды, өйткені мұғалім мен сынып арасындағы байланыс ерекше деуге болмайды. Оған мұғалімнің жеке басы, біліктілігі, тәжірибесі мен философиясы және оқушылардың жеке басы, қызығушылықтары, қабілеттері мен тәжірибесі әсер етеді. Бірінші стильде мұғалім тіл мен мәдениетке академиялық тұрғыдан жақындайды. Болашақ емтихандарға назар аударылады. Тіл оқытуда маңызды орынға ие, бірақ

мәдениетке де көп көңіл бөлінеді. Екінші стильдің мақсаты - шетелдік мәдениеттегі турист ретінде орындау. Мұғалім ел мен мәдениетке қызығушылық танытады, сондықтан олармен байланысты тақырыптарды қарастырғысы келеді. Оның пайымдауынша, сол кезде тілдік оқыту қызықты болады. Сабақтарда әртүрлі оқу материалдары қолданылады, мысалы, мұғалімнің тәжірибесі туралы бейнелер, құжаттар және әңгімелер. Бірінші стильден айырмашылығы, мұғалім барлық топтарға бағытталған тақырыптарды анықтайды. Тілді оқытуда маңызды емес болғанымен, мұғалім сыныпта шет тілінде сөйлейді. Оның пайымдауынша, шетелге танымдық сапарлар студенттерді елді шынайы қабылдау үшін маңызды. Үшінші стильдің мақсаты - бұл тілді білуден қуаныш пен рахат алу. Бұл стильдегі мұғалім оқытудың әртүрлі әдістерін қолданады, мысалы, ойындар мен грамматикалық жаттығулар. Мәдениет туралы ақпарат сабақтарда үлкен рөл атқармайды. Мұғалім кенеттен қысқаша түрде оқулық ақпаратына өз мағлұматтарын қосады. Төртінші стильдегі мұғалім тіл туралы негізгі білімді үйретуді маңызды деп санайды. Мұғалім өзінің түсіндіруін және әзілдерін қоспайды, бірақ көбінесе мәдениет туралы ақпаратты студенттердің тәжірибесімен салыстырады [5].

Хьюз көптеген білімді мұғалімдер мен дидактиканың әдістері бойынша мәдениетті оқытудың ең практикалық әдістерін бейнелейді:

1. Салыстыру. Мұғалім студенттердің мәдениетінен ерекшеленетін шетелдік мәдениеттің құбылыстарын ұсынады. Мұғалімдер мен студенттер неге бұл айырмашылықтар шетелдік мәдениетпен қарым-қатынаста қиындықтарға әкелуі мүмкін екенін талқылайды.

2. Мәдени ассимиляторлар. Студенттерге шетелдік мәдениетке бейімделуге көмектеседі. Мәдени ассимилятор - бұл оқушылар түсінбеуі мүмкін мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесу кезіндегі маңызды оқиғаның қысқаша бейнесі. Студенттерге төрт мүмкін түсіндірме беріледі, олардың ішінен дұрысын таңдау керек. Егер олар дұрыс емес нәрсені таңдаса, олар дұрыс тұжырым жасауға көмектесетін қосымша ақпаратты іздеу керек.

3. Мәдени капсула. Бұл әдіс мәдени ассимиляторға ұқсайды, бірақ бұл мәселені талқыламай жазбаша жаттығу бола алмайды. Мұғалім отандық және шетелдік мәдениеттердің айтарлықтай айырмашылығын сипаттайды. Айырмашылықтар көрнекі түрде қарастырылады, ал мұғалім сөйлесуді ынталандыратын сұрақтар қояды.

4. Драма. Студенттер шетелдік мәдениеттегі жағдайды түсіндіруді қажет ететін көріністерде ойнайды. Мәселенің себебі әдетте соңғы көріністе нақтыланады.

5. Толық физикалық реакция. Оқушылар ауызша бұйрықтарды тыңдайды және жауап береді.

6. Газеттер. Оқулықтарда табылмаған көптеген мәдени аспектілер газеттерде жарияланған. Студенттер басқа мәдениет газетін тақырыпшалары, жарнамалары, күлкілі суреттері және ауа-райы болжамын өз мәдениетімен салыстырады.

7. Фильмдер. Фильмдер мен кинотаспалар мәдени ақпараттар беріп, сабаққа әртүрлілік әкеледі. Мәдени тақырыптағы жақсы фильмдерді интернет жүйесінен табуға болады. Сондай-ақ, мұғалімдердің сапарларында жинаған фильмдері тікелей мәдени өкілдіктер жасай алады.

8. Мәдениеттің «аралы». Сыныптан мәдениеттің «аралы» плакаттар, суреттер және хабарлама тақтасы көмегімен жасалады, ол үнемі жаңартылып отырады. Мәдениет «аралының» мақсаты - қызығушылықты ояту және жаңа сұрақтар қою.

Бұл әдістерді тәжірибе жүзінде тиімділігі мен кемшіліктерін нақтылау мақсатында эксперимент өткізу арқылы сынап көрдік. Тәжірибелік-эксперименттік оқыту жұмысы 2018 оқу жылының наурыз-сәуір айларында Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің педагогикалық факультеті, 5B011900 –

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша, «Сөйлеу практикасы мен коммуникация» кафедрасында 1 курс студенттерімен жүргізілді. Тәжірибелік топ ретінде 113 топ студенттері, ал бақылаушы топ ретінде 118 топ студенттері алынды. Тәжірибелік-экспериментке көз жүгіртетін болсақ, алғашқы кезең бойынша студенттердің білімін тексеру барысында отандық әдіскер ғалым С.С.Құнанбаеваның еңбегіне сүйендік. Базалық стандарттық деңгейін қалыптастыру кезеңінде төмендегідей біліктілік түрлері қалыптасатынын ескере отырдық: лингвомәдени, әлеуметті-мәдени, концептуалдық, когнитивтік және қатысымдық біліктіліктер.

- Эксперимент барысында 113 топ студенттеріне шет ел мәдениеті мен өз мәдениетіне байланысты жаттығулар ұсынылды. Яғни бұл жерде мәдениет - ұлттық тарихи салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарихи топонимдер, фольклор, өнер және қолөнер, мәдениет және өнер туындылары, мәдени іс-әрекеттерді ғылыми зерттеудің нәтижелері мен әдістері, тарихи-мәдени құндылығы бар ғимараттар, тарихи және мәдени ескерткіштерге тән аумақтар мен объектілермен ұштастырылды. Жаттығулар алуан түрлі, әр жаттығуды өз мәдениетімен салыстыра отыра орындау міндетті болып табылады. Мысалы, ағылшындардың ұлттық дәстүрінің бірі – шәй ішу дәстүрі болып табылады. Оның өзіндік ерекшелігі мен студенттің ұлттық мәдениетіне қарағанда айырмашылығы да бар. Бұл жаттығу барысында кестеде берілген ырымдарды сәйкестендіру арқылы студент екі мәдениеттің шәй дәстүрі мен ырымдарының ерекшеліктері, ұқсастықтары және айырмашылықтарын атап көрсетеді. Тағы бір мысал келтіретін болсақ, өнер туындылары кейіпкерлеріне тоқтала кетеміз. Ағылшын өнер туындысындағы аңыз кейіпкері Робин Гудты алып, ал студенттің өз қазақ мәдениетінен аңыз кейіпкері Алдар Көсені алайық. Бұл екі кейіпкер жайлы студенттерге ақпарат мәтін түрінде беріледі, ал тапсырма Венн диаграммасын осы кейіпкерлерге байланысты толтыру болып табылады. Тәжірибе барысында жоғарыда атап өтілген тәжірибелік әдістермен қоса студенттерге мәдениет пен мәдени құндылықтарға байланысты тапсырмалар көптеп берілді. Ағылшын тілі сабағында мәдениет пен мәдени құндылықтарға көп көңіл бөлінді. Мәдениет пен мәдени құндылықтарды студенттің ой-санасында бекіту мақсатында әрбір сабақ сайын пысықтау сұрақтары, карточкалар, жағдаяттық тапсырмалар, кейс тапсырмалары, жаттығулар, ойындар, дөңгелек үстелдер студенттердің сана-сезімін оятып, меңгерген сөйлеу мәдениеті ерекшеліктерін әрбір жағдаятта қолдана білу дағдысына айналдырды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс студенттердің өз мәдениеті мен шет ел мәдениеті жөніндегі білім деңгейі мен эксперимент өту барысында игерген білімдерін тексеру үшін, сонымен қатар ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау мен дәлелдеу мақсатында тексеру жұмыстары сауалнама арқылы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша жоғары берілген сандық көрсеткіштердің барлығы жоғары болуына болуына байланысты күтілген нәтижеге жеткендігі болып есептелінеді. Студенттерді шет тілін сол елдің мәдениеті мен өз мәдениетін салыстыра отырып тілді меңгеру тәжірибесі оң нәтижесін көрсететіндігіне көзіміз жетті.

Тәжірибелік оқыту жұмысының нәтижелерін талдай келе, болашақта студенттердің тіл мен мәдениетті қоса шет тілін игерту жұмыстарын жалғастыруда төмендегі *нұсқаулықтарды* есепке алу керектігі айқындалды:

- Мұғалім студенттерге ағылшын тіліне тән мәдениет пен мәдени құндылықтарды игерту кезінде жиі қолданыстағы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық ойындар, өнер мен тілдесім аясындағы мәдени ерекшеліктерді таңдап, топтастырып, студенттерге үйрету жолдарын іздестіруі керек;

- Студенттерге ағылшын тіліне тән мәдени құндылықтардың лингвомәдениеттанулық маңызын игерту мақсатында студенттерге тіл мен мәдениет жөнінде толық мағлұмат беретіндей мәдени құндылықтарды сабақ барысында көптеп қолдану керек;

- Мұғалімдер оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерімен қатар, заманауи инновациялық әдістерін, ақпараттық-қатысымдық технологияларды да жиі қолдануы керек [6].

Қорытындылай келе, тілдер мәдениеттер арасында қаншалықты айырмашылық болса, шетел тілін меңгеру соншалықты қиын екені аян. Айталық, Құнанбаева С.С. өз еңбектерінде студенттердің шетел тілін оқып отырған елдің мәдениетімен таныс болып, өз ана тілімен салыстыруы дұрыс болады деп көрсеткен [7]. Біз ұсынған тілдік жоғары оқу орны студенттерінің ағылшын тіліне тән мәдени құндылықтардың лингвомәдениеттанлық маңызын игерту әдістемесі негізінде құрастырылған әдістеме сатылы түрде жүзеге асыра отыра, оқып отырған елдің мәдениетімен жақын танысып, оны өз мәдениетімен салыстыра отыра жалпы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Robinson, G. Crosscultural Understanding. London: Prentice Hall. – 1988.
2. Кайкконен, П. Культура и изучение иностранных языков. Юва: WSOY. – 1994.
3. Кайкконен П. Межкультурное изучение иностранных языков. – 1998.
4. Кайкконен П. Ингредиенты отчуждения, мультикультурализма и межкультурного образования. Университет Ювяскюля. Департамент педагогического образования. - 2004.
5. Byram, M. & Esarte-Sarries, V. Investigating Cultural Studies in Foreign Language Teaching. A Book for Teachers. Clevedon: Multilingual Matters. – 2001.
6. Узакбаева З.А. Ағылшын тіліне тән мәдени құндылықтардың лингвомәдениеттанулық маңызын игерту амалдары. Диссертация, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ. – Алматы, 2018.
7. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. - Алматы, 2010.

**ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ  
ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА  
LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS**

**МРНТИ 14.35.09**

*Б.Е.Букабаева<sup>1</sup> Ж.Т.Раймкулова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы, филология және көптіліді білім беру институтының аға оқытушысы*

*Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының магистрі, Педагогикалық шеберлік орталығының маманы  
Қызылорда, Қазақстан*

**СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ ОНТОГЕНЕЗІНДЕГІ  
ТІЛ МЕН ОЙЛАУ АРАҚАТЫСЫ**

**Аңдатпа**

Мақалада сөйлеу әрекеті онтогенезінде тіл мен ойлау арақатысы мәселелері қарастырылады. Бұл мәселені қарастыруда тіл мен ойлау онтогенезде дамып отыратыны, оның онтогенезде қалыптасуы мен дамуы белгілі үрдіс екені сараланады. Тіл мен ойлау арақатысын онтогенезін саралауда баланың ойлауының сатылы жүйесі адам баласының сөйлеу тілінің шығуы мен қалыптасу мәселесімен айналысқан ғалымдардың бала тілін бақылау мен зерделеу жолдары мақалада ұсынылады. Сонымен қатар мақалада, тіл мен ойлаудың арақатысы сөзде көрініс беретіні болғандықтан, сөйлеудің ұғымдық жағы да дамып отыратыны, сөз мағынасының дамуында күрделі психологиялық процесс жүретіндігі, ол адам баласы қоршаған ортасымен сөйлеу әрекеті барысында іске асатындығы көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** Сөйлеу әрекеті, сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілі, сөз мағынасы, синкретті ойлау, психологиялық құбылыс, ойлау, сөйлеу, ұғым

*Букабаева Б.Е.<sup>1</sup>. Раймкулова Ж.Т.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>к.филол.наук, старший преподаватель института филологии и полиязычного образования  
Казахского национального педагогического университета имени Абая,*

*г. Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>Магистр педагогических наук, специалист центра Педагогического мастерства,  
г. Кызылорда, Казахстан*

**СООТНОШЕНИЕ ЯЗЫКА И МЫШЛЕНИЯ В ОНТОГЕНЕЗЕ  
РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

### Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы соотношения языка и речи в онтогенезе речевой деятельности. В статье даются наблюдения и эксперименты отечественных и зарубежных ученых по детской речи, в частности, каков процесс соотношения языка и мышления, их формирование и поэтапное развитие. Также в данной статье освещены вопросы что соотношения языка и мышления проявляется в формировании значения слова в общении, и сложного психического процесса в развитии значения слова, так как оно это единица соотношения языка и мышления, а также развития понятийной стороны речи.

**Ключевые слова:** речевая деятельность, онтогенез речевой деятельности, детская речь, значение слова, синкретное мышление, психологическое явление, мышление, речь, понятие

*Bukabayeva B.E.<sup>1</sup> Zh.T. Raimkulova<sup>2</sup>,*

*<sup>1</sup>Cand. of philological science, senior lecturer of the Institute of Philology  
and multilingual education at AbaiKazNPU,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Master of pedagogical sciences Center of pedagogical skills,  
Kyzylorda, Kazakhstan*

### CORELATION OF LANGUAGE AND THOUGHT IN ONTOGENESIS SPEECH ACT

#### Abstract

The article deals with the ways of corelation of language and thought in ontogenesis speech act. This article deals with the problems of the corelation of language and thought in ontogenesis. Observations and experiments of native and foreign scientists on child language are given in the article. In particular, what the process of corelation of language and thought is, their formation and phased development. And also, the problem of the corelation of language and thought are reflected in the formation of the word meaning in communication, and the complex mental process in the development of the meaning of the word, as the meaning of the word is a unit of the corelation of the word and thought, and the development of the conceptual aspect of speech are presented in this article

**Key words:** speech act, ontogenesis of speech act, child's language, syncretic thought, psychological phenomenon, thought, speech, concept

Тіл мен ойлау арақатысы лингвистикада, психологияда маңызды зерттеу межелерінің бірі болғандығын көптеген ірі зерттеулерден байқауға болады. Тіл мен ойлау арақатысын зерттеу көне дәуірден бастау алды. Идеалистік ағым өкілдері ойлау сөйлеуге тәуелсіз, ал сөйлеу ойлауға бағынышты емес, себебі адам іштей ойлана отырып, біреумен сөйлеседі және дәл сол уақытта басқа бір нәрселер туралы ойлай алады деп есептеген. Яғни ойлау мен сөйлеу бір-біріне тәуелсіз бола береді. Ал бихевиористер, керісінше, ойлау мен сөйлеуді ұқсас құбылыс, өйткені адам іштей ойлап отырғанның өзінде сөйлеу

мүшелерінің жасырын жұмыстары жүріп жатады деп есептеген. Олай болса, ойлау - дыбыссыз сөйлеу, сөйлеу – дыбыстап ойлау болып табылады.

Д.Слобин мен Дж.Грин бала ойлауы мен қимыл іс-әрекетіне тілдің қаншалықты әсер ететінін анықтауда: “Язык не обеспечивает, по нашему мнению готовую “решетку” или призму, через которую ребенок воспринимает мир. Скорее, эта решетка создается в процессе развития интеллекта, то есть в результате действий ребенка в окружающей среде и интериоризации этих действий, создающих операциональные структуры”[1]- деуі көне дәуірден бастау алған тіл мен ойлау ара қатысы мәселесін шешуде бала тілін зерттеу үлкен үлес қосатынының айғағы деуге болады.

Ал баланың дамып өсуінің алғашқы кезеңдерінде тіл мен ойлау арақатысы қалай болады? Баланың 9-12 айлығында қолданатын құралдардың ең қарапайым түрлері пайда болатыны және де сол уақытта бала тілі әлі де болса жасақталмағаны, сонымен қатар бала тілінің дамуындағы алғашқы фразалары- уілі, былдыры, “алғашқы” сөзі - ойлаумен байланысты болмайтыны тұжырымдалған [2;3]. Демек, адам баласы өсе келе психикалық дамуына байланысты пайымдау бірте-бірте пайда болады, ал пайымдау бар жерде ойлау бар болады.

М.М.Кольцова баланың жоғары нерв жүйесінің қалыптасуын бала туылған күнінен басталуын қарастыра отырып, баланың 9-10 айлық уақыты ерекше маңызды деп көрсетеді. Себебі, осы уақытта бала жалпы тітіргендіргіш дыбыстардың ішінен сөзді ерекшелей бастайды. Сөз бастапқыда балаға тітіргендіргіш дыбыстардың әлсіз компоненті ретінде болады. Бұны ғалым, балаға «Папаң қайда?», «Мұрның қайсы?» т.б. деген сауалдарға адекватты жауап алу үшін қажетті жағдай туғызу керек, олар, стато-кинестеикалық компонент, көру компоненті (сұрақ қойып тұрған белгілі бір адамның белгілі бір жағдайда қатысуы), дыбыстық компонент (белгілі бір дауыс және интонация). Бұндай күрделі тітіргендіргіштердің арасында сөздің рөлі маңызды емес, олар басқа мағыналы сөздерге ауыстырылып қолданылса да, бала дамуының осы кезеңінде бала реакциясы аталмыш компоненттер негізінде бірдей болады [ 3].

Бала ойлауы оның тілінің дамуынан озық жүретіндігі [4;5] зерттеулерден белгілі. Бала сөйлеуінің дамуының екінші сатысы - баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі. Бала 11 айдан 1 жас 7 айға дейінгі жас аралығында баланың ойлауы мен сөйлеу тілі сәйкес келмейді, баланың ойлауы сөйлеуінен озық жүреді. Осы жас аралығында бала ересек адам айтқанының бәрін түсінеді, тіпті ересек адамның нұсқауымен іс-әрекеттер жасайды.

Бала дамуының алғашқы кезеңінде тіл мен ойлау ара қатысы мәселесін Л.С.Выготский В.Келер тәжірибесіне [2, 85 б.] сүйене отырып, ойлау мен тілдің генетикалық даму жолдарының байланыстарын тұжырымдап қорытты. Л.С.Выготский ойлау мен тілдің онтогенетикалық дамуында аталмыш екі процестің түп тамыры бірдей еместігін, бала тілінің дамуында “доинтеллектуальная стадия”, ал баланың ойлауының дамуында “доречевая стадия” болатынын және де екі процесс белгілі бір уақытқа дейін бір-біріне тәуелсіз екі бағытта дамып, нақты пунктте екі бағыт бір-бірімен қиылысып, ойлау – тілдік, тіл – интеллектуальды бола бастайтынын анықтады [6,105].

Сөйлеу әрекеті арқылы баланың тек тіл ғана дамып қоймай, оның танымы да, ойлауы да дамиды. Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейеді [7]. Сондықтан баланың өсіп жетілуі оның сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты. Бұл туралы көптеген ғалымдардың [8,110-120 бб.; 9,115 б., 20] зерттеулерінде түйінделген.

Тіл мен ойлау тығыз байланысты деуге қарсы шығушылар мен жақтаушылар арасындағы ұзақ ғасырлар бойы болып келген айтыс-тартыстың себебін анықтауда, отандық психолог М.М.Мұқанов ресей психологі Л.С.Рубинштейннің әрі қарай



талқыланды. Ойды генетикалық және функциональдық тұрғыда қарастыруға болады деген ой пікіріне сүйене отырып, ойлау мен тілдің өзара қатынасын дәлелдеуде қолданды.

М.Мұқановтың пікірінше: “...осы мәселенің шешімі тек қиындығында емес, ой процесін дәлелдеуде генетикалық және функциональдық бағыттарды ажырата алмағандықтан. Бұл жерде функциональдық бағыт деп отырғанымыз, ой процесінің түрлі жұмбақ міндеттерді шешудегі атқаратын қызметі, ал генетикалық бағыт – ойды сөйлеу әрекетінің негізінде пайда болу жағынан алып қарау”, - болып табылады. Бірақ ғалым, ойлауды генетикалық тұрғыда түсіну Л.С.Рубинштейн анықтамасымен дәл келмейтінін ескере отырып, ой процесінің механизмінің негізінде жүзеге асып отыратыны жөнінде ғана ескеретінін айтады [10,14б.].

Л.С.Рубинштейн генетикалық бағыт деп “филогенетикалық және онтогенетикалық дамуды” атайды. Ойлау мен тілдің өзара байланыстылығын генетикалық бағытта қарастыру, ой процесінің жүзеге асуы - сөйлеу әрекетінің негізінде болатынының дәлелі. Ал тіл адам баласы ойының қорытындысын екінші бір адамға тасымалдаушы қызмет атқарады. М.Мұқанов ой мен тілдің тығыз байланыстылығын тек генетикалық бағыт тұрғысынан дұрыс деп табады. Ғалымдар ойын тұжырымдасақ, сөйлеу әрекеті - ойлау, тіл мен сөйлеу механизмдерінен тұратын күрделі құбылыс екендігінің тағы да бір айғағы және де бала тілінің шығуы мен дамуын осы күрделі құбылыстың онтогенезінде, яғни сөйлеу әрекеті онтогенезінде қарастыру бірден-бір маңызды.

Лингвистер тіл мен ойлау ара қатысы мәселесін зерттеуде көбінесе, айтылымды құрастыруға бағытталған ойлау барысының ерекшеліктеріне және де олардың жаңа білімді алуға арналған ойлау барысының айырмашылығына көңіл бөлген. Ойлаудың тілсіз болуы мүмкін еместігіне, С.Д.Кацнельсонның мына бір сөзі дәлел: “Егер ойлауды тек танымдық әрекеттің процесі деп танып қана қоймай, сонымен қатар санаға байланысты басқа да әрекеттер деп танысақ, онда тілсіз ойлаудың болуы мүмкін емес.” [11,114 б.]. Демек бүкіл ойлау әрекеті тілдік жүйе арқылы іске асырылады. Бұл адам баласы қоршаған ортамен алғаш қарым-қатынасқа түсуінде, яғни сөйлеу әрекеті онтогенезінде өзгеше болып, бара-бара ойлау мен тіл белгілі бір кезеңде түйісетіні Л.С.Выготскийдің дәлелдеп кеткен ілімінің айғағы.

Баланың тілі мен ойлауының бір уақытта жүруі, сәйкес келуі туралы ойлау әрекетінің нейрофизиологиялық негізін ашушы ресей физиологі И. М.Сеченов былай деген: “... когда ребенок думает, он всегда при этом говорит. Мысль пятилетнего ребенка передается посредством слов и шепота, безусловно, посредством движения языка и губ. То же самое часто происходит (а возможно и всегда, но в различной степени) при мышлении взрослого человека” [12], яғни іштей сөйлеу процесі қозғалуы бірден байқала қоймайтын артикуляциялық мүшелерден келіп жететін кинестезикалық тітіркенулермен байланысты болатынын ғалымдар тұжырымы айқындай түседі [13].

Тіл мен ойлаудың өзара байланысы күрделі - құбылыс. Бұл құбылыстың екеуі де адамның екі жақты табиғатына сәйкес әрі әлеуметтік, әрі биологиялық жақтарымен сипатталатыны белгілі. Сөйлеу әрекетінде әлеуметтік пен биологиялық заңдылықтар бір-бірімен үйлесіп отырады. Бала тілі мен ойлауына келетін болсақ, баланың жас ерекшеліктеріне қарай тіл мен ойлау ара қатысы әр алуан. 11 айдан 1 жас 7 ай аралығында бала ойлауы тілінен озық болады, бала тілі шыққаннан кейін екі, үш сөзді сөйлемдер тұсында бір-біріне біршама сәйкес келе бастайды. 4-5 жас аралығында бір уақытта жүреді де, өсе келе, яғни ересек болғанда, ойлау белгілі бір шамада тілден озық болады [5,164б.]. Сонымен баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес, тіл мен ойлау ара қатысы әр түрлі болады. Ал ойлау мен тілдің ара қатыс онтогенезіне келер болсақ, ойлау мен тілдің даму жолдары мен генетикалық тамырлары белгілі бір пунктке дейін әр түрлі болады. Екі

бағыттағы процестің қиылысуын баланың екі жас шамасында ма әлде мектеп жасына келгенде болады ма деген сұрақ ХХ ғасыр басында туындаған болатын.

Сөйлеу әрекетінің басталуы адам баласының коммуникативті қажеттіліктерінен туындайды, ал ол баланың когнитивті дамуын да ескереді, яғни алға жылжу ми мен сананың дамуының белгілі бір деңгейін қажет етеді.

Сөйлеу әрекетінің қандай да қисындалған нәтижесі (сөйлеу актісі, тілдік айтылым) мидың жұмысының куәсі деген Е.С.Кубрякованың түйіндемесіне сүйенсек, тіл мен ойлау ара қатысы онтогенезін қарастыруда тілдің шығуындағы мидың қызметі мен құрылымы мазмұнды мәлімет береді.

Тілдің шығуы мидың сенсорлы аймағының қызметі мен мидың функциональды өсіп өрбуіне тікелей байланысты. Нейрологиялық зерттеулерде ми латерализациясы тіл меңгерудегі жауап кілті болып табылады. Адам баласы миының сол жақ және оң жақ бөліктері өзіне тиісті қызметтер атқарады. Сол жақ ми адамның интеллектуальдық, логикалық және аналитикалық қызметін атқарса, оң жақ ми бөлігі эмоциянальды және әлеуметтік қажеттіліктерді бақылап отырады. Бір жақ ми сыңарының әрекеттерге ерекше жауапты болып, белгілі үстемді орталыққа латерализация құбылысы арқылы айналады. Латерализация бала организмнің даму барысында жетіліп отыратын құбылыс. Әрине, басқа да биологиялық дамуларда жетілу құбылысы болады, бірақ мидың бір жақты даму құбылысы тек адам организмне тән құбылыс. Тіл меңгерудегі латерализация құбылысының рөлі маңызды [14,222; 15].

Ми сыңарының сол жақ бөлігі тіл меңгеруде қызмет атқарады. Сол жақ ми сыңарының негізгі сөйлеу зоналары: Брок зонасы мен Вернике зонасы тілдік механизмдердің нақты қызметін көрсетіп отырады. Бұл зоналар тілдік механизмдердің қарапайым үлгілерінің кем дегенде екі механизмін атқарады. Бірі - адамның сөйлегенін түсіну, қабылдау (сенсорлы) болса, екіншісі адам баласы өз ойын сөзбен шығару, айту (моторлы) болып табылады. Екі тілдік зоналар сөйлеу механизмдерінің нақты орнын көрсетіп отырады. Нейрондар есту мен тілді түсінуді қамтуында Брока зонасын Вернике зонасымен байланыстырып отырады. Аталмыш зоналар қабығы пісіп жетілгенінде бала тілді түсініп, сөйлей бастайды.

Тілдік зонаның ми сыңарының сол жақ бөлігінде орналасуы бір жағынан тілдік ойлаудың өзіндік ерекшелігін көрсетсе, екінші жағынан адам баласының сөйлеу әрекеті мен басқа да оның ойлау әрекеттерінің арасындағы үнемі болатын байланысын көрсетеді.

Мидың функциональды ассимметриясы әр адамда әр түрлі. Кейбіреулерінде ойлаудың вербалды механизмі жақсы дамыған болса, екінші біреулерінде бейнелік ойлау жақсы дамыған болады. Сонымен қатар оң жақ және сол жақ ми сыңарларының ішкі диалогі, сабақтасуы басқаша болуы мүмкін. Бір адамдарда екі ми сыңарлары бір-біріне көмектесіп және бір-бірін толықтырып синхронды қызмет атқарып отырса, екінші бір адамдарда керісінше болады, тіпті кей жағдайда бір-біріне кедергі жасап отырады. И.П.Павлов: “логикалық ойлауға қабілетті адамдардың сол жақ ми сыңары басыңқы болады да, образды ойлауға қабілеттілердің оң жақ ми сыңары басыңқы болады”, - деп, метафорлық атаумен алғашқыларына “ғалымдар”, кейінгілеріне “суретшілер” деген атау береді [16]. Сондықтан баланың қабілеттілігі ата-анаға ұқсап тууы оның тәрбиеленген ортасымен бірге физиологиялық жаратылысы, яғни ми сыңарларының ерекшелігіне де байланысты. Қазақта бұл жаратылысты тегіне байланысты деп айтады. Тегінде тілге шешен, сөзге ұста, тұжырымды ойы бар адамның қасиеттері бала кезінен, тілі шығысымен көрініс береді. Бұл баланың аяғынан бұрын тілі шықты деп жататын үлкендер сөзіне құлақ салып, балаға таңқалып, таңдай ұрып жатамыз. Бұның барлығы тағы да тегіне байланысты.

«Ойлау процесіне байланысты мидағы функциялар бала туғанда даяр күйінде болмайтынын», қазақ психологі А.Темірбеков айта отырып, «...ойлау баланың дамуына, оның таным әрекетінің өрістеп кеңеюіне байланысты пайда болады. Нәрестенің дүние тануы түйсік пен қабылдаудан басталып, оның танымы айналадағы ортамен тығыз қарым-қатынаста өтіп жатады. Балалық дәуірінде ойлау процесінің күшті қарқынмен дами бастауы бала тілінің шығуымен байланысты» [17], дейді. Демек, тіл дамуын тілдік белгілер мен белгілік операциялар ретінде қарастыру тілдік жүйені меңгеру мәселесі ғана емес, сонымен қатар оның жалпы психикалық дамуда қалыптасу мәселесі болып табылатыны ғалымдар пікірімен тоғысады.

Адам дамуының әр кезеңінде ұғымның қалыптасу мен даму мәселесін психологиялық аспектіде Л.С.Выготский экспериментальді түрде балада ұғымның дамуын сөз мағынасын меңгеруімен байланыстырып қарастырған. Ғалым сипаттамасы бойынша ұғымды меңгеру дегеніміз – заттың мәнді сипатын ерекшелік алу және де сол сипаттардың негізінде заттарды классификациялау, сонымен қатар топтап алған заттарды белгілі бір сөзбен атау, яғни жалпылап ұғынып атау болып табылады [6, 208 б.].

Ойлаудың бірінші сатысы – *синкретті ойлау*. Л.С. Выготский синкреттік ойлау түрін бала ойлауының ары қарай дамуындағы маңызды фактор және де синкреттік пайымдауды сөз мағынасының дамуының бірінші сатысы деп береді. [3,509]Ойлаудың келесі бір сатысы – *кешенді (комплексі) ойлау*. “Мышление комплексное - мышление ребенка и взрослого, осуществляемое в процессе своеобразных эмпирических обобщений, основанием для которых служат отношение между вещами, открывающиеся в восприятии” [15,203 б.]. Әдетте, бұл ойлау түрі баланың зат туралы тәжірибесінен тысқары болғанда шығады), жалған пайым (псевдопонятие) (пайымдау бірыңғай негізде жүреді, бірақ ол заттың сезім арқылы қабылдауынан ажырамай бірлесіп кетеді) [6,141-176 бб.]. Ойлаудың соңғы бір сатысы – *ұғым*. Адамның ойлау әрекетінде шындықтағы заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттеріне, ерекше белгілеріне, мәнін түсіне білудің мәні зор. Ұғымның басы – шындықтағы заттар мен құбылыстарға танысудан, көріп, білуден басталады деп дәйекті сипаттама береді. Ұғым күрделі ой жұмысын керек ететіні белгілі [7,197 б.].

Жалпы берне (ұғым) жасалуын, олардың арасындағы байланысты Ж. Аймауытов отырып, баланың ұғымы қалай туатынына арнайы тоқталып кетеді: «Жас бала үйде бір итті көреді, үргенін естиді. Апасы итті көрсетіп: «ау-ау» келеді дейді. Баланың көру, есту бернелері қосылып іліктеседі. Бала тыста тағы бір ит көрсе, санасындағы іліктестік бойынша, ол итті де «ау-ау» деп атайды. Бала иттің өзін емес, суретін (тұлғасын) көрсе де «ау-ау» дер еді. Бала бәріне бірдей қалайша «ау-ау» деп ат қойды? Оның себебі, бала миындағы ұйқас көру бернелерін салыстырып, бәрінің жалпы белгісі барлығын табады, жалпылайды. Сөйтіп, оның санасында ит туралы жалпы берне туады, бұл жалпы бернеге есту бернесі, сөз қосылады» [19, 188-189 бб.].

А. Темірбеков ұғым туралы «Қабылдау мен елестерде жеке, нақтылы заттың образы бейнеленгендіктен, ол заттың нақтылы сипаттары, соның ішінде кездейсоқ, шешуші емес сипаттары да болады. Ал ойлауда ондай мәні жоқ шешуші емес сипаттар алынып тасталады, былайша айтқанда, адам ойлау кезінде олардан қол үзеді, абстракцияланады. Ұғым арқылы заттардың, құбылыстардың неғұрлым жасырын, сырт қарағанда көрінбейтін сырларын, жетекші қасиеттерін, олардың бір-бірімен дәнекерсіз және дәнекерлі де сатылы байланыстарын ашып, түсініп отыру адамның қолынан келеді.», деп айта келе, ойлау процесінде кездесетін ұғымды екі түрге бөледі. Біріншісі – заттық немесе нақтылы ұғым; екіншісі – абстракт-дерексіз ұғым. Нақты ұғым – нақты формасы, бейнесі бар объектіге қатынасы бар ұғым. Абстракт-дерексіз ұғым деп жаңағыдай тұтас заттарға емес, олардың жеке сипаттарына, сапаларына, қалыптарына, заттар мен құбылыстардың өз ара

байланыстары мен қатынастарына арналған ұғымдар[17, 138-139 бб.], дейді. Демек, балада осы ойлау түрі “Бұл не?” деген сұрақ қоюдан көрініс береді. Сөз мағынасы баланың бұл жасында қалыптасып ары қарай дамуын жалғастырған кезеңі болып табылады. Сонымен, бала ойлауы сөз мағынасының функциясына негізделеді. Ойлаудың синкретті, кешенді, жалған түсінік және түсінік түрлерінде, ұғымда белгіленіп, әр кезеңде сөз мағынасының жүйелі шығу түрлері бар.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Слобин Д. И, Грин Дж. Языковое развитие ребенка. // Психолингвистика - М., 1976. –С 87-126
2. Выготский Л.С. История развития высших психических функций // Соч..В 6 т. –Т.3.– М., 1983.-370с.
3. Кольцова.М.М. О формировании высшей нервной деятельности ребенка. – Мед Гиз, 1958. –С.41-137.
4. Кубрякова Е. С. Данные о детской речи с общелингвистической точки зрения //Детская речь как предмет лингвистического изучения. – Л., 1987. –С. 6-22.
5. Слобин Д., Грин Дж. Язык и познавательные процессы // Психолингвистика. –Москва: Прогресс, 1976. – С.187-220
6. Выготский В. С. Мышление и речь // Соч.: В 6 т. – М.: Педагогика, 1982. Т.2.-260 с.
7. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. -А., 2002, -415 б.
8. Кубрякова Е. С. Номинативный аспект речевой деятельности. –М.: Наука, 1986. – 250 с.
9. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және едістемесі. –Алматы, 2000.-207 б.
10. Мұқанов М. Ойды этно және лингвопсихология тұрғысынан дәлелдеу. – Алматы, 1971.5-23 бб.
11. Кацнельсон.С. Д. Филология языка и речевое мышление. –Ленинград: Наука, 1972. –280 с.
12. Сеченов.И. М. Избранные философические и психологические произведения. –М.: Госполит. издат,1947. –180 с.
13. Аханов Қ. Тіл білімінің негіздері. –Алматы: Санат, 2003 .495 б.
14. Дж. Лайонз. Язык и лингвистика. –Москва, 2004. –317 с.
15. Психолингвистический словарь. –М.: Педагогика, 1983.–448 с
16. Павлов И. П. Полное собрание трудов. .–Москва, 1947.-380 с.
17. Темірбеков А., Балаубаев С. Психология. – Алматы: Мектеп, 1956. -230 с.
18. Мещеряков Б. Г., Зинченко В.П. Большой психологический словарь // Психологическая энциклопедия. – М .: Алма-Пресс, – 2003. -666 с.
19. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. -312 бет.
20. Аяпова Т. Т. Сөйлеу әрекеті онтогенезі: синтаксистік семантика. док. дис. –Алматы, 2003. -305 бет.

**МРНТИ: 14.35.09**

Зайсанбаев Т.Қ. <sup>1</sup>Карипбаева Г.Ә. <sup>2</sup>Канленова Б.Н. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>С.Ж.Асфендияров ат.ҚазҰМУ,

<sup>1</sup>Тілдік пәндер кафедрасының, доценті, ф.ғ.к.

<sup>2</sup>әл-Фараби ат.Қаз.ҰУ аға оқытушы

<sup>2</sup> халықаралық қатынастар факультеті, Дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

<sup>3</sup> F. Дәукеев атындағы Алматы Энергетика және Байланыс Университеті,

<sup>3</sup> Тіл білімдері кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

## ҚОСАРЛЫ ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Түйіндеме

Мақалада қазақ тіліндегі қосарлану арқылы жасалған еліктеуіш сөздер туралы айтылады. Авторлар еліктеуіш сөздердің пайда болуына, олардың жаңа сөз жасауда қандай қызмет атқаратынына кеңінен тоқталады. Еліктеуіш сөздердің әсіресе түркі тілдерінде кеңінен қолданылу себебін бұл құбылыстың, негізінен, жалғамалы тілдерге тән екендігінен деген қорытындыға келеді. Еліктеуіш сөздер қосарланып қолданылу арқылы қимылдың (әр түрлі дыбыстардың) дүркінділігін немесе әр тектілігін білдіреді деген пікірлерді қолдай отырып, сөздерді қайталап қолдану морфонологиялық (фономорфологиялық) құбылыс деген қорытындыға келеді. Қазақ тіл білімінде бұл құбылыстың сыры әлі ашылмай жатқанын сөз ете келе, бұл мәселе тереңірек зерттеуді қажет етеді деп есептейді.

**Кілт сөздер:** еліктеуіш сөздер, қайталама еліктеуіштер, еліктеуіш сөздердің жасалуы, қимылдың дүркінділігі, әр текті қимылдардың бейнеленуі.

Зайсанбаев Т.К. <sup>1</sup> Карипбаева Г.А. <sup>2</sup> Канленова Б.Н. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>КазНМУ им. Асфендиярова,

<sup>1</sup>Доктор языков, доцент, к.т.н.

<sup>2</sup>әл-Фараби КазНУ, старший преподаватель

<sup>2</sup>Старший преподаватель кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений, Алматы, Казахстан.

<sup>3</sup> F. Алматинский университет энергетики и связи им. Даукеева,

<sup>3</sup> Старший преподаватель кафедры лингвистики, кандидат экономических наук

## ОСОБЕННОСТИ ДВОЙНОГО СЛОВА ИМИТАЦИИ

### Аннотация

В статье говорится о парно-повторных звукоподражающих словах в казахском языке. Авторы широко отмечают появление звукоподражающих слов и о функциях, которые они выполняют при образовании новых слов. Также авторы проходят к выводу, что звукоподражающие слова характерны к агглютинативным языкам, т.е. к тюркским языкам. Поддерживая высказывания о том, что парно-повторные звукоподражающие слова обозначают многообразие движений, авторы статьи приходят к такому выводу, что парно-повторное слова – это морфонологическое (фономорфологическое) явление. В

частности, авторы отметили, что в казахском языкознании это явление еще не полностью раскрыто, и считают, что этот вопрос требует более глубокого изучения.

**Ключевые слова:** звукоподражающие слова, повторные звукоподражающие слова, образования звукоподражающих слов, кратность движения, отражение разнородных действий.

*Zaysanbaev T.K. <sup>1</sup> Karipbaeva G.A. <sup>2</sup> Kanlenova B.N. <sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>KazNMU named after Asfendiyarova,*

*<sup>1</sup>Doctor of Languages, Associate Professor, Ph.D.*

*<sup>2</sup>al-Farabi KazNU, senior lecturer*

*<sup>2</sup> Senior Lecturer, Department of Diplomatic Translation, Faculty of International Relations, Almaty, Kazakhstan.*

*<sup>3</sup> Almaty University of Energy and Communications named after Daukeeva,*

*<sup>3</sup> Senior Lecturer, Department of Linguistics, Ph.D.*

## **FEATURES OF DOUBLE WORD IMITATION**

### **Abstract**

This article tells about in-pair repeated onomatopoeic words in the Kazakh language. The authors widely mention the appearance of onomatopoeic words and the functions they implement in forming new words. As well the authors come to conclusion that onomatopoeic words refer to agglutinative languages, i.e. Turkic languages. Supporting the ideas that in-pair repeated onomatopoeic words mean manifold of movements the authors conclude that in-pair repeated onomatopoeic words are morphological phenomena. In particular, it's pointed out that in the Kazakh language this phenomena is still hasn't been fully researched and it's considered that this this question needs to be widely researches.

**Key words:** onomatopoeic words, in-pair repeated onomatopoeic words, appearance of onomatopoeic, movement rate, reflection of diverse actions.

Табиғаттағы әр түрлі құбылыстардың дыбыстарына еліктеу, олардың бейнесін елестету немесе айналадағы заттардың қозғалуы, соғылуы әсерінен пайда болған дыбыстарды беру мақсатында пайда болған еліктеуіш сөздердің жасалуы көптеген зерттеушілердің қызығушылығын туғызып келеді. Тіпті адамзат баласының сөйлеу тіліне негіз болған осы еліктеуіш сөздер десе де болады. Профессор А.Ысқақов олардың табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстарды бейнелеуіне және сол табиғаттағы әр қилы табиғи көріністердің бейнелерін сипаттауына байланысты оларды еліктеуіш (еліктеме), бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер деп екі үлкен семантикалық топқа бөледі [1, 345]. Академик Ә.Қайдар еліктеуіш сөздер түркі тілдерінің әрқайсысына ұлттық бояу берумен қатар, жасалуында белгілі бір тәртіп, жүйе болуымен ерекшеленеді, сондықтан түркі тілдерінің тарихи грамматикасын жасауда бұл категорияға деген көзқарасты өзгерту қажет деп есептейді де өз ойын былай түйіндейді: «Структурный анализ методом поморфемного членения в системе словообразовательных моделей убедительно показывает, что первичная наикратчайшая корневая часть всех без исключений подражательных слов исторически сложилась в рамках односложных сегментов, на базе которых развились и продолжают развиваться их производные основы. Отметим, что в пределах односложного сегмента подражательных основ, например, в казахском, уйгурском, киргизском и других тюркских языках, выступают все шесть классических

типов моносиллабов, как Г, ГС, ГСС, СГ, СГС, СГСС, хотя не все они обладают на данным этапе своего развития самостоятельностью употребления и семантической наполняемостью» [2, 100]. Сөйтіп, оның пікірінше барлық еліктеуіш сөздер қарапайымнан күрделіге қарай аглютинация ұстанымы бойынша дамып отырған. Бүкіл еліктеуіш сөздердің алғашқы түбірі бір дауысты (Г) немесе дауысты-дауыссыз (ГС) болған. «Что же касается однозвучных корневых производящих элементов, то они, потеряв свою былую самостоятельность, сохранились в структуре производных основ в виде консервированных или мертвых рудиментов» [2,100-101],– дейді. Ә.Қайдардың айтуынша бітеу буынды еліктеуіш сөздерге жалғанған модификаторлар (шар-т, қал-т, сыл-п) қимылдың немесе дыбыстың күрт үзілгенін, біртекті және кенет болғанын білдіреді [2,104-105].

Еліктеуіш сөздердің жасалуы туралы филология ғылымдарының докторы К.Құсайыновтың пікірі басқаша. Ол жалғамалы тілдерді, соның ішінде түркі тілдерінде бір буынды түбір морфемалар флективті тілдерге қарағанда әлдеқайда тұрақты, көп жағдайда *шап ет, тыз ет лап ет* сияқты болып жеке қолданыла береді дейді де: «Такой способ образования аналитической формы глагола со звукоизобразительной односложной морфемой в качестве именной части в тюркских языках очень продуктивен» [3,161-162],– деп түйіндейді. Ал қазақ тіліндегі бітеу буынды, соңы екі дауыссыз дыбысқа аяқталған еліктеуіш сөздердің пайда болу себебін ол былай түсіндіреді: «Рассмотрев их морфологический состав, звукоизобразительную функцию модификаторов, мы убедились, что звукоизобразительные основы типа СГСС как производные от соответствующих корней (типа СГС) не являются результатом механического соединения корневой морфемы с модификатором, а представляют собой усеченный вариант глагольного образования (тарсылдады ≥ тарс, тарпылдады ≥ тарп, тыркылдады ≥ тырк и т. д.)» [3,161-162].

Сөйтіп, СГСС типті еліктеуіш сөздердің жасалуы туралы екі ғалымның пікірі екі басқа екенін көреміз. Мұндай типті еліктеуіш сөздердің соңғы дыбыстары үнді және қатаң дыбыстан тұрады. Оның себебі үнді дауыссыздардың барлық дауыссыздармен тіркесе алатын қасиетіне байланысты болса керек [4, 46].

Сонымен қатар еліктеуіш сөздердің екі дауыссыз дыбысқа аяқталуының тағы бір себебі бар деп айтуға болады. Б. Қалиев экспериментальды-фонетикалық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, «бұл» және «кұр» сөздеріндегі «ұ» дыбысы созылыңқы айтылса, «бұлт», «кұрт» сөздеріндегі де ұ дыбысы алғашқыларынан 20 мс. қысқа естіледі деген қорытындыға келеді [5, 70]. Біздіңше, екі дауыссызға аяқталған еліктеуіш сөздердің табиғатын академик Ә.Қайдардың пікірі анық көрсетіп тұр [2, 104-105]. Оның айтқандарын қолдай отырып, еліктеуіш сөздердің екі дауыссыз дыбысқа аяқталуы дыбыс пен құбылысты келте, анық қылып айту қажеттігінен туған деген тұжырымға келуге болады.

Еліктеуіш сөздер бір-ақ рет айтылса (*тарс етті, жылт етті*), дыбыстың немесе қимылдың бір рет қана болғанын білдіреді, ал екі рет қайталанса (дыбыстың) қимылдың дүркінділігін, бірнеше рет қайталанғандығын білдіреді. Қырғыз тіліндегі күрделі сөздерді зерттеген Н.Орузбаева қимылдың дүркінділігін білдіру мақсатында еліктеуіш сөздер қосарланып емес, үш рет қайталанып қолданылатын кездері де болады деп, оған мысал ретінде «маң-маң-маң басқан, маң басқан» сияқты өлең жолдарын келтірсе, [6, 257 ], Ә.Төлеуов те «балпаң-балпаң-балпаң басып», «шұнаң-шұнаң-шұнаң қағып» сияқтыларды осындай жолмен қайталанған еліктеуіш сөздерге жатқызады [47, 113]. Қос сөздердің бір бунақ құрап айтататынын ескерсек, Б.Орузбаеваның да, Ә.Төлеуовтің де келтірген мысалдарындағы еліктеуіш сөздер «маң-маң // маң басқан» немесе «балпаң-балпаң /балпаң басып», «шұнаң-шұнаң // шұнаң қағып» болып, екі бунаққа бөлініп

айтылатындығы анық. Бұлар өлеңнің буын санын толтыру үшін ғана үш рет қолданылып тұр. Сондықтан, еліктеуіш сөздердің үш рет қайталануы қимылдың дүркінділігін, созылыңқылығын білдірудің бір жолы деп айтуға негіз жоқ.

А. Ысқақов еліктеуіш сөз ешқандай дыбыстық өзгеріссіз қайталануы, қайталанатын сыңарының бір дауысты дыбысы еріндік дауысты дыбысқа алмасып айтылуы (*тарс-тарс, тарс-тұрс*), немесе қайталанатын сыңарының басқаша дыбысталуы да (*бұрқ-сарқ*) әртүрлі мағына беретінін, сондай-ақ жуан дауысты дыбыстар арқылы немесе жіңішке дауысты дыбыстар арқылы жасалған бейнелуіш сөздердің де әртүрлі мағына беретінін сөз етеді [8, 347-350]. Ә.Төлеуов: «Еліктеу сөздердің басқа сөздерден тағы бір айырылатын жері – олардың белгілі бір пішіндік құрылысы. Дауысты дыбыстың ашық не қысаң болуы, ол сөздің семантикасына әсері болады: сырт-сырт, тарс-тарс, қалш-қалш, қарш-қарш, саңқ-саңқ, шарт-шарт т.б. Ол мағына түбіріндегі дауысты (а-ы) дыбыстардың өзгешелігі» [7, 113],– дейді. Дыбыстың әр текті болып қайталанғанын білдіру үшін, дыбыстық еліктеуіш сөздердің екінші сыңарының дауысты дыбысы еріндік болып (*қари-құри, сарт-сұрт, тарс-тұрс* т.б.) қайталады. Мұндай қайталамаларды Ә.Қайдаров қайталама-редупликациялар деп атайды [8, 61- 62]. Еліктеуіш сөздердің осындай жасалу ерекшеліктерін дұрыс ескермегендіктен болса керек, ноғай тілі грамматикасының авторлары *тақ-тұқ* («лязг», «бряцание»), *бырқ-шырқ* («неразбериха») сияқты еліктеуіштерді екі сыңарының да мағынасы жоқ қосарлы күрделі зат есімдерге жатқызып жіберген [9, 125].

Түбір еліктеуіштерге әртүрлі жұрнақтар жалғану арқылы жасалған туынды еліктеуіштердің де қайталанатын сыңарындағы **а** дыбысы **ұ** дыбысына алмасып айтылу жиі кездеседі. Мысалы: *арбаң-ұрбаң, бажан-бұжан* (Ауыл ортасынан *бажан-бұжан* еткен дауыс та шығып қалды (І. Жансүгіров, Шығ.), *жалтаң-жұлтаң, жарбаң-жұрбаң, қажан-құжан, қалбаң-құлбаң, тарпаң-тұрпаң* (*Тарпаң-тұрпаң* тайлағым, Ботақаным, маймағым (С. Боранбаев, Қалытқы.), *батыр-бұтыр* (Дәл осы секундте, далада, базға жақын жерде көп мылтық түн тыныштығын қақ жара *батыр-бұтыр* етті. М. Әуезов, Шығ.), *жалтыр-жұлтыр* (Не көрсе соған талпынып, *жалтыр-жұлтыр* еткен болса, оған қызығып, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді Абай, Толық шығ. жин.), *жапыр-жұпыр, тарсыл-тұрсыл, қашыр-құшыр, салдыр-сұлдыр, сақыр-сұқыр, жалақ-жұлақ*, т.б.

Еліктеуіш сөздердің сәл дыбыстық өзгеріспен айтылуы нәтижесінде басқаша мағына беруінің сырын дыбыстық символика құбылысы арқылы түсіндіретіндер де бар. Осы тақырыпта арнайы зерттеу жұмысын жүргізген С.Өткелбаева: «Қазіргі таңда көптеген сөздердің дыбыстық формасы мен олардың мағынасы арасында тікелей және символикалық байланыс теориялық тұрғыдан негізделіп дәлелденсе де, аталған құбылыс тіл білімінің қызықты және әлі де таласты мәселелерінің бірі болып саналады» [10, 3],– дейді. Ол жасанды сөздер арқылы эксперимент жасау нәтижесінде «үлкен» деген ұғымды тіл арты дыбыстары, «кіші» деген ұғымды тіл алды дыбыстары, сондай-ақ «күшті» деген ұғымды тіл арты дауыстылары, «әлсіздік» деген ұғымды тіл алды дауыстылары береді деген тұжырым жасайды [10, 15]. С.Өткелбаева мұндай мағыналарды тек дауысты дыбыстар ғана бермейді, тұтас буынның да жуан немесе жіңішке болуының да әсері бар деген өзінің пікірін былай дәлелдейді: «Белгілі бір ұғымды берудегі буынның жуан-жіңішкелілігінің рөлін, әсіресе көлем, күш шкалаларының деректерінен айқын көруге болады: жуан буынды жасанды сөздер көп жағдайда «үлкен», «күшті» деп бағаланса, жіңішке буындылар «кіші», «әлсіз» деген бағаға ие болды» [10, 15-16]. Профессор М.Оразов та дыбыстық символика құбылысын да, сол арқылы үстеме мағына беру тәсілін де жоққа шығармайды. Әйтсе де: «Бірақ бұл мағыналар, дыбыстың төл мағыналары болып саналмайды, оған таңылған үстеме мағына болып есептеледі» [11, 26],– дейді. Оның еліктеуіш сөздердің жасалуы турал пікірі мынадай: «Еліктеуіш сөздердің құрамындағы



дауысты дыбыстардың сөздің білдіретін мағынасымен тікелей байланысты (белгілі мөлшерде) барлығын мойындасақ та, олар арасындағы байланыс негізі мүлде басқа табиғатпен, қасиетпен байланысты деп айта аламыз. Соңғы жағдай барлық сөздер туралы пікір айтуға негіз бола алмайды» [11, 27].

Қазақ тіліндегі көптеген сөздердің арғы түбі еліктеуіш сөздерден шыққаны анық. Мысалы, *күр* деген еліктеуіштен *күрс*, *күрт*, *күрк*, *күрп* сияқты еліктеуіштер, одан *күрсілде*, *күртілде*, *күркілде*, *күрпілде* сияқты етістіктер пайда болған [2, 104]. Біз «байырғы сөздердің түп төркіні еліктеме сөздер болған» деген пікірді қолдай отырып [12, 24], бұлардың қайталануы арқылы да кейде жаңа сөздер де жасалады деп ойлаймыз. Мысалы, Ә.Қайдаров ұйғыр тіліндегі еліктеуіш сөздердің қайталануы арқылы жасалған сөздерге *пил-пил гүл* (цветок «огонек»), *пас-пас түгмә* (кнопка, застежка), *күр-күр тоху* (индюк), *боң-боң қоңғуз* (майский жук), *зиң-зиң* (стрекоза), *хор-хор* (кальен), *гир-гир* (свистулка), *тоқ-тоқ* (дятель) сияқтыларды жатқызса [8, 59], Т.Қалабаева қазақ тіліндегі *бақбақ*, *қорқор* сияқты сөздерді толық лексикаланған, *жар-жар*, *тар-тар* (ауызекі тілде «құс» деген мағынада), *без-без* (ауызекі тілде «қоңырау сағат») сөздерін жартылай лексикаланған сөздер деп санайды [13, 16].

Осы қысқаша шолудан еліктеуіш сөздердің жасалуы, олардың беретін мағыналыр туралы ғалымдардың пікірі бір жерден шықпайтынын байқауға болады. Тіпті олар лексикалық мағына ие болады деген пікір айтушылар бар екенін көреміз. Еліктеуіш сөздердің қосарланып қолданылуын дыбыстық символика құбылысымен түсіндіру әрекетін де байқаймыз.

Тіл білімінде сөздердің қайталануы, яғни редупликация тәсілін морфонологиялық (немесе фонемологиялық) құбылысқа жатқызады. Бұл құбылыс үнді-еуропа тілдерінде де бар болғанымен, түркі тілдеріндегідей үлкен маңызға ие емес. Оны негізінен жалғамалы тілдерге тән құбылыс деп қараған жөн сияқты. Қазақ тілі білімінде морфонология мәселесі түбегейлі зерттелмегендіктен, тіліміздегі осындай құбылыстардың сыры толық ашылмай жатыр. Бір-біріне кереғар пікірлердің болуы да сол себептен деп ойлаймыз. Негізінен ауызекі сөйлеу барысында пайда болатын морфонологиялық құбылыстардың сырын ашу – түбегейлі зерттеуді қажет етеді деп ойлаймыз.

### ***Пайланылған әдебиеттер:***

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
2. Қайдар А. Грамматические индикаторы в производных основах подражаний в тюркских языках // Кітапта: Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Хусаинов К.Ш. О причинах количественного различия звукоизобразительных слов в разносистемных языках // В кн.: Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 400 с.
4. Строй казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1991. – 280 б.
5. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы (экспериментальды-фонетикалық зерттеу). – Алматы: Ғылым, 1984. – 116 б.
6. Орузбаева Б.О. Словообразования в киргизском языке. – Фрунзе: Илим, 1964. –312 с.
7. Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы: Мектеп, 1982. – 128 б.
8. Қайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алма-Ата: Изд.акад.наук.Каз.ССР, 1958. – 160 с.
9. Грамматика ногайского языка (фонетика, морфология). – Черкасск, 1979. – Ч. I. – 365 с.

10. Өткелбаева С. Қазақ тіліндегі дыбыстық символика құбылысы: фил. ғыл. кан. ... автореф. – Алматы, 1984. – 25 б.
11. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
12. Ысқақов А. Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау. – Алматы: Ғылым, 1999. – 186 б.
13. Калабаева Т.Б. Лексика-грамматическая структура повторов в казахском языке: автореф. ... кан. фил. наук. – Алма-Ата, 1980. – 25 с.

**МРНТИ: 14.35.09**

*Ayapova T.T.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Doctor of Philological Sciences, Professor*

*<sup>1</sup> KazNPU named after. Abay*

## **THE MEDIA TEXT AS A POWERFUL INSTRUMENT OF MASS MEDIA**

### **Abstract**

This study investigates media texts that are an important element of the information and communication process that is realized through mass media. The study also argues that media texts are a complete and holistic unit of communication, an irreplaceable means that is used to form any public opinion in a certain society and beyond. Since information is a complex phenomenon that represents existence, the media-image of the universe focuses on the most important events and actions that occur in the world. The study also pays special attention to the fact that events and phenomena assimilate and extend that, which is most important for the individual and the society, while the media-image of the world incorporates all the components of the media text and performs a generalizing role.

**Keywords:** media text, mass media, information space, openness, variability, modification, interpretation, media space.

*<sup>1</sup>Аяпова Т.Т*

*<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ*

## **МЕДИА МӘТІНІ БАҚ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

### **Түйіндеме**

Бұл зерттеу БАҚ арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникациялық процестің маңызды элементі болып табылатын медиа мәтіндерді зерттейді. Зерттеу сонымен бірге БАҚ мәтіндері нақты және қоғамдағы кез-келген қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін қолданылатын таптырмас байланыс құралы болып табылады. Ақпарат өмір сүрудің күрделі құбылысы болғандықтан, әлемнің медиа-бейнесі әлемде болып жатқан маңызды оқиғалар мен іс-әрекеттерге баса назар аударады. Зерттеу сонымен қатар оқиғалар мен құбылыстар адам мен қоғам үшін ең маңызды нәрсені игеріп, кеңейтетіндігіне ерекше назар аударады, ал әлемдегі медиа имидж медиа мәтіннің барлық компоненттерін қамтиды және жалпылама рөл атқарады. ,

**Кілт сөздер :** БАҚ мәтіні, БАҚ, ақпараттық кеңістік, ашықтық, өзгергіштік, модификация, түсіндіру, медиа кеңістік.

<sup>1</sup>Аяпова Т.Т.

<sup>1</sup> Доктор филологических наук, профессор

<sup>1</sup> КазНПУ им. Абая

## МЕДИА ТЕКСТ КАК МОЩНЫЙ ИНСТРУМЕНТ СМИ

### Аннотация

Это исследование исследует медиатексты, которые являются важным элементом информационного и коммуникационного процесса, который реализуется через средства массовой информации. В исследовании также утверждается, что медиатексты представляют собой целостную и целостную единицу коммуникации, незаменимое средство, которое используется для формирования любого общественного мнения в определенном обществе и за его пределами. Поскольку информация представляет собой сложное явление, которое представляет собой существование, медиа-образ вселенной фокусируется на наиболее важных событиях и действиях, происходящих в мире. В исследовании также уделяется особое внимание тому факту, что события и явления усваивают и расширяют то, что наиболее важно для человека и общества, в то время как медиа-образ мира включает в себя все компоненты медиатекста и выполняет обобщающую роль. ,

**Ключевые слова:** медиатекст, средства массовой информации, информационное пространство, открытость, изменчивость, модификация, интерпретация, медиaprостранство.

### Introduction

Mass media, which are unofficially called the fourth branch of power, play an important role in the modern age of information. R. Syzdykova argued that the fiction style was dominant in the development of the Kazakh national written literary language. She stressed that the role of journalism and mass media (the press, radio, and television) had increased, but Kazakh fiction, especially the text of prose, still remained dominant (Syzdykova, 1986: 81). However, it is worth noting that the functional part of the literary language, which is called the journalistic style, has become one of the main functional styles that is associated with the progressive growth of public consciousness, especially the legal and political consciousness, the development of technical and electronic means over the past decades (Zhumagulova, 2005: 41). In its pursuit of its interests, society primarily turns to mass media. This makes the impression that some mass media, which have finally freed themselves from the shackles of Soviet censorship, have become the property of certain organizations or rich individuals. It is no secret that mass media, which have to fully cover the various aspects of public life, sometimes cover only the issues and problems that they themselves deem necessary. This is especially true on the eve of such events of national importance as elections, when mass media should disclose their the actual opinions and goals and those of private persons and legal entities they represent. In general, mass media are divided into three types: television, radio, and periodicals. When it comes to the language of mass media as seen by linguistics, the main concept thereof is the text. In mass communication, this concept acquires new significant and distinguishing nuances. For instance, they are formed in accordance with the media properties of mass media. For example, a text that is aired on television not only consists of words, but also is perceived at multiple levels: verbal level, video presentation, and accompanying sound, which when combined constitute a vast and multifaceted whole.

Texts that are aired on the radio are characterized not only by verbal text, but also by accompanying music and audio. Meanwhile, texts in periodicals are characterized by the graphic presentation of newspapers and magazines. In accordance with the above, such texts are perceived via three different channels: television texts are perceived via auditory and visual

means, radio texts are perceived via audio means only (heard), while printed texts (or “dead texts”) are perceived via visual means only (read). With such distinguishing features, all messages conveyed via mass media collectively constitute the concept of media text. The Russian-Kazakh dictionary gives the following definition of this term: “Медиа – средства массовой информации” (“*Media means mass media*”) (Russian-Kazakh dictionary, 2005: 114). The conceptual structure of information that is conveyed in periodicals and on radio consists of two parts – factuality and interaction. National mass media pay special attention to both the informational and conceptual aspect and the informational influence of the message. In many cases, emphasis is placed on the interaction of information and the persuasion of the public. This direction is still upheld in modern journalism.

### **Findings**

When studying the texts of mass media, it is necessary to regard them as not only a combination of linguistic units, but also a domain of general knowledge in the field of communication. In recent years, special attention has been paid to studying mass media texts within the framework of cognitive linguistics. These studies consider language a cognitive means that is used to represent incoming information and reveal the evidence encoded therein. Cognitive linguistics experts place emphasis on the organization of the information space, since it reflects peculiar cultural (specific) features of a vast media flow. At the same time, when investigating media texts, it is important to show the linguistic means that are used to convey their ideological direction. Nowadays, it is difficult to determine the stylistic status of the language when studying mass media, especially the language of mass communication, since one cannot state with full confidence that its functional and stylistic features have already been determined. For instance, the features of the general journalistic style do not always apply to all types of mass communication.

Since materials in periodicals are printed, they undergo multilevel stylistic processing, whereas messages aired on the radio and television cannot be controlled on a constant basis. For example, it is difficult to evaluate a journalist’s (reporter’s) style of speech if he or she is reporting live on location at various sports, cultural or political events. Thus, it is obvious that the complexity and diversity of the mass media language presents difficulties for those who study it. In this regard, Yu.V. Rozhdestvensky argued that the difficulty when studying mass media arises not only from the lack of traditions of special investigations of mass media, but also from the special complexity of the subject, i.e. mass information itself. The complexity of mass information arises, firstly, from the fact that mass information as a text is created collectively, secondly, from the fact that the content of mass information covers all other types and varieties of written and oral speech. Therefore, the typical features of oral speech, literature, and the written language are incorporated into mass information. Thus, mass information is a complex entity that includes all oral and written sources of text (Rozhdestvensky, 1997: 125).

